

5

Өзі жанып,  
өмірге жарық  
пашқан



8

Құрбан айт тек  
құрбандық шалумен  
шектелмейді



# Сыр бойы

№74-75 (21149-21150) 23 мамыр, сенбі 2026 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboy.kz  
www.instagram.com/syrboy\_kz  
t.me/syrboy\_kz  
twitter.com/syrboy

## /// ПРЕЗИДЕНТ

### ОБЛЫС ӘКІМІН ҚАБЫЛДАДЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев облыс әкімі Мұрат Ерғешбаевты қабылдады. Қабылдауда Президентке өңірдің қаңтар-сәуір айларындағы негізгі макроэкономикалық көрсеткіштері және алдағы әлеуметтік-экономикалық даму жоспары баяндалды.

Облыс әкімінің айтуынша, өңірде қолайлы инвестициялық климат қалыптасып, экономиканы әртараптырауда алдағы үш жылға 1 триллион 900 миллиард теңгенің 48 инвестициялық жобасын іске асыру жоспарланып отыр. Биыл 1 триллион теңгеге 14 ірі жобаның құрылысы басталады. Президенттің Ұлттық құрылтай отырысында берген тапсырмасына сәйкес, Қызылорда қаласында 300 орындық көпбейінді аурухана, 500 орындық емхана, 200 орындық перинаталдық орталық, жана драма театр мен заманауи кітапхананың құрылысы жүргізіліп жатыр. Қызылорда-Ақтөбе автожолын кеңейту жобасының бірінші кезеңі басталды. Бейнеу-Сексеуіл тас жолының

құрылысы жақында қолға алынбақ. Жыл соңына дейін 10 елді мекен газдандырылып, халықтың 85 пайызы «көгілдір отынды» тұтына бастайды. Үй кезегіндегі азаматтарды баспанамен қамту мақсатында биыл 2400 пәтер беру жоспарланған. Облыстағы 138 шақырым автомобиль жолы, көшелер мен көпір өткелдерін жөндеуден өткізу, жолдардың 95,5 пайызын жақсарту көзделген.

Мемлекет басшысы облыс әкіміне экономиканы әртараптырау, инвестиция тарту, экологиялық ахуалды ілгерілету және ауыл шаруашылығына су үнемдеу технологияларын енгізу жұмыстарын жалғастыру бойынша бірқатар тапсырма берді.

## ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ ПЫСЫҚТАЛДЫ

Кеше облыс әкімі Мұрат Ерғешбаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте өңірдегі маңызды инвестициялық және инфрақұрылымдық жобалардың жүзеге асырылу барысы талқыланды.

Аймақ басшысы Президент қабылдауында болып, аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуы және алдағы міндеттер жөнінде баяндағанын жеткізіп, Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысында және өңірге жұмыс сапарлары кезінде Мемлекет басшысы жүктеген тапсырмаларға тоқталды.

Мәжілісте драма театр, Президенттік кітапхана, 500 орындық емхана және 200 орындық перинаталдық орталық құрылыстарына қатысты мәселелер талқыланып, жауапты тұлғаларға нұсандарды талапқа сай етіп әрі уақытылы пайдалануға беру міндеті жүктелді. Бұдан бөлек, тиісті мекемелерге

«Батыс Еуропа-Батыс Қытай» халықаралық дәлізінің Қызылорда-Ақтөбе бағытын кеңейтуге, Бейнеу-Сексеуіл автомобиль жолының құрылысына орай министрліктен бірлесіп шешетін мәселелерді пысықтау тапсырылды.

Өңір экономикасына серпін беретін инвестициялық жобалардың қазіргі жай-күйі де қаралды. Бұл ретте инвесторлармен байланысты күшейтіп, әр кезеңдегі мәселелерге нақты бақылау орнату қажет.

Мәжіліс қорытындысында құрылыс және инфрақұрылым нысандарындағы жұмысты күшейтілген режимде ұйымдастыру, сапа мен мерзімді қатаң қадағалау міндеттелді.

## /// КӘСІБИ МЕРЕКЕ

### МӘДЕНИЕТ – ҰЛТТЫҢ МӘЙЕГІ



Мәдениет және өнер қызметкерлері күніне орай «Өнер орталығында» салтанатты шара өтті. Бұл – ұлт руханиятын дамыту жолында еңбек етіп жүрген мамандарға көрсетілген құрметтің белгісі. Шараға сала ардагерлері, өнер майталмандары және зиялы қауым өкілдері қатысты. Облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев мәдениет пен руханияттың қоғам өміріндегі айрықша маңызын атап өтіп, сала қызметкерлерін кәсіби мерекемен құттықтады.

Аймақта мәдениет саласын дамыту бағытында жүйелі жұмыстар атқарылуда. Кейінгі төрт жылда салаға 55 млрд теңгеге жуық қаржы бағытталса, биыл 6 млрд теңгелен астам қаржы бөлінді. Облыста Мемлекет басшысының, Үкіметтің қолдауымен 200-ден астам әлеуметтік нысан бой көтерді. Оның ішінде 22 мәдениет нысаны салынып, ел игілігіне берілсе, 7 ауданда «Руханият орталықтары» ашылды. Қалада «Өнер орталығы», «Анаға тағзым», «Отбасы орталығы» салынып, халыққа қызмет етуде. Тарихи-өлкетану музейінің, «Достық үйінің» жана ғимараты пайдалануға берілді. Балалардың шығармашылық зияткерлік әлеуетін арттыру мақсатында «Оқушылар сарайы», «Сыр жұлдыздары» академиясы ашылды. Мемлекет басшысының Ұлттық құрылтайда берген тапсырмасына сәйкес жана драма театр мен Президенттік кітапхананың құрылысы бастау алды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Мәдениет – ұлттың төлқұрамы. Жаһан жұрты елімізді, ең алдымен, өнеріміз арқылы танып біледі» деген болатын. Мәдениет – елдің рухани тірегі, ұлттың ұлы мұрасы. Осы жолда аянбай еңбек етіп жүрген мәдениет қызметкерлеріне Сыр жұртшылығы атынан шынайы ризашылығымызды білдіремін.

Өнер мен руханияттың өрісі кеңейіп, мәдениетіміздің мәртебесі ардауы биік болсын! Еліміздің рухани дамуына қосып жүрген еңбектеріңіз жемісті болып, шығармашылық табыстарыңз арта берсін, – деді аймақ басшысы.

Шара театр әрпістерінің қойылымымен басталды. Мәдениет және

өнер қызметкерлері өздерінің кәсіби мерекелерінде де жұмыста, яғни сахнада. Тұрмағанбет атындағы халық аспаптар оркестрінің сүйемелдеуімен «Томирис» би ансамблі «Шанырақ шаттығы» бині орындады. Ал Ақсуікар Бүркітбай, Нұртілек Ақтаев, Бексұлтан Орынбасаров орындаған «Сыр елі», «Нартайдың жыр бастауы» және «Мерекелік арнау», жас күйшілердің «Балбырауын», «Сарыарқа», «Көрғұлы» күйлері көпшіліктің ыстық ықыласына бөленді. Қорқыт ата атындағы



Қызылорда университетінің қыздар вокалды ансамблі «Сырдың қараторғайын» нақышына келтіре шырқады. Ал «Сыр сандуақтары» тобы мен Қ.Ақдәулетова атындағы студия балалары К.Әзірбаевтың «Көкшолок» әнін орындады. Одан әрі қобызшылар, үрмелі аспаптар ансамблі де өз өнерлерін ортаға салды. Өншілер тобының классикалық әндер шеруі көпшіліктің көшеметіне ие болды.

Мерекелік шара аясында мәдениет саласындағы үздік жетістіктері және салаға сіңірген айрықша еңбегі үшін бірқатар азамат «Құрмет» орденімен, Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Еңбек ардагері», «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісімен, Құрмет грамотасымен және Алғыс хатпен марапатталды.

Мереке иелеріне ҚР Премьер-министрінің бірінші орынбасары Нұрлыбек Нәлібаевтың Алғыс хаты табыс етілді.

Сыр елінің рухани-мәдени дамуына қосқан үлесі үшін бірқатар азаматқа облыстың Құрмет грамотасы және облыс әкімінің Алғыс хаты табысталды. Сондай-ақ бірқатар әдебиет пен өнер өкілдеріне дәстүрлі түрде жыл сайын табыс алатын облыс әкімінің «Тұран» сыйлығы берілді.

Мәдениетке аса мән берудің нәтижесінде қазақ өнері әлемді шарлап, төл туындыларымыздың гажайып болмысын паш етіп келеді. Бұған дейін Сыр өнерпаздары Финляндия, Эстония, Испания, Швейцария елдерінде мәдени шаралар ұйымдастырды. Бүгінде Еуропаның Париж және Люксембург қалаларында Сыр таланттары өнер көрсетуде.

Сондай-ақ биыл композитор Кеңес Дүйсекевтің, ақын Шәмшібай Сариевтің 80 жылдығына, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Қаракөз Ақдәулетованың 70 жылдығына арналған еске алу шаралары өткізілді.

Әйгілі жырау, ұстаз-ғалым Алмас Алматовтың 70 жас мерейтойына арналған «Жыр керуен» шығармашылық кеші ұйымдастырылды. Даңқты қолбасшы Жалаңтос баһадүрдің 450 жылдығына арналған республикалық ақындар айтысы жоғары деңгейде өтті.

Оған қоса жақында Ыстамбұл қаласында ТҮРКСОЙ ұйымының қолдауымен «Оғыз феномені: Ұлы даладан Анадолыға дейін» халықаралық конференциясы мен көрме ұйымдастырылған болатын.

Сара АДАЙБАЕВА,  
«Сыр бойы»

## /// БІЛІМ

### БІЛІМ КӨРСЕТКІШІ – БОЛАШАҚТЫҢ ЖЕМІСІ



Суреттері түсірілген Нұрболат НҮРЖАУБАЙ

Алдағы аптада тағы бір оқу жылы мәресіне жетеді. 2025-2026 оқу жылын облыстың 320 мектебіндегі (19-ы жекеменшік) 189 288 оқушы аяқтағалы тұр, 979 оқушы «Алтын белгіге», 1141 оқушы «Үздік аттестатқа» үміткер. Өткен оқу жылымен салыстырғанда, «Алтын белгіге» үміткер саны 203-ке, «Үздік аттестат» 113-ке артқанын да айтып өткеніміз жөн. Қазір көптің көкейіндегі сауалға жауап бере кетсек, Ұлттық бірыңғай тәстілеудің шешуші кезеңі 10 мамыр-10 шілде аралығында Қызылорда қаласы және Арал, Қазалы, Жаңақорған аудандарындағы тәстілеу орталықтарында өтеді. Оған бітіруші түлектердің 9250-і немесе 89,6 пайызы қатысады деген болжам бар.

Жылдағы дәстүр бойынша 25 мамыр күні барлық сыныпта «Білімім – Отаныма» атты бірыңғай сынып сағаттары болады. Осы орайда 11-сыныптарға арналған мектеп бітіру салтанатты іс-шарасы облыс көлемінде бір мезетте, яғни сол 25 мамыр күні сағат 9.00-де мектеп қабырғасында өтеді.

Қорытынды бітіру емтихандары 9-сыныптағы 16386 білім алушы үшін 29 мамыр-11 маусым, ал 11-сыныптағы 10317 бітірушінің мемлекеттік емтихандары 2-15 маусым аралығында. Сонымен қатар, 26-30 мамыр аралығында 5-8, 10-сыныптарда білім алатын 80225 оқушы қазақ тілінде оқытатын мектептерде «Қазақ тілі», орыс тілінде оқытатын мектептерде «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша білім алушылардың тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдылары бағаланады. Ал «Жолың болсын, жас түлек!» тақырыбындағы аттестат табыстау рәсімі 18 маусымға жоспарлануда.

3-бет

## /// БАСПАСӨЗ ТУРЫ

### ШИЕЛІ: АУЫЛДЫ ТҮЛЕТКЕН АУҚЫМДЫ ЖОБАЛАР

Өңірде өзгеріс көп. Әсіресе, құрылыс, өндіріс, инфрақұрылымды дамытуда көптеген жобалар жүзеге асып жатыр. Ал олардың игілікке беріліп, халыққа қызмет етіп жатқандарын жете танытуда БАҚ өкілдері үшін баспасөз турының мәні зор. Сәрсенбі күні журналистер жолға шықты. Шиеліден басталған сапар алдағы аптада да жалғасады.

Кейінгі жылдары Шиелі ауданында көптеген жаңа әлеуметтік нысандар бой көтерді. Ұзақ уақыттан бері түйін тарқатылмай келген жарық жүйесінде электр бағанасы жаңартылып, халыққа сапалы қызмет көрсете бастады. Елді мекендерді абаттандыру, көгалдандыру, аяқсу мәселесі оң шешімін тапты. Осы жолғы сапарда БАҚ өкілдері ауданның тыныс-тіршілігін тағы бір таразылап қайтты.



4-бет

/// ӘРІПТЕСТІК

## Өңір делегациясы Халықаралық форумға қатысты

Әзербайжан Республикасының Баку қаласында өткен Дүниежүзілік урбан форумның 13-сессиясына Сыр өңірінің делегациясы қатысты. Аталған халықаралық алаң БҰҰ-Хабитат ұйымының қолдауымен ұйымдастырылып, урбанизация, қала құрылысы, климат тұрақтылығы және заманауи инфрақұрылым мәселелерін талқылауға арналды. Бұл туралы облыс әкімінің баспасөз қызметі хабарлады.

Форумға әлемнің 100-ден астам елінен 20 мыңнан аса делегат жиналды. Олардың қатарында мемлекет және үкімет басшылары, халықаралық ұйымдар өкілдері, сарапшылар мен урбанистика саласының мамандары бар.

Қазақстан делегациясы құрамына Қызылорда облысының өкілдері де енген. Олар өңірдің тұрақты дамуы, қала инфрақұрылымын жаңғырту және экологиялық бастамалар бағытында тәжірибе алмасты.

Форумда ҚР Премьер-министрі Олжас Бектенов Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айқындаған урбанистикалық даму саясатының негізгі басымдықтарына тоқталды. Атап айтқанда, азаматтарға қолайлы әрі қауіпсіз орта қалыптастыру, цифрландыру мен жасанды интеллект технологияларын енгізу, су қауіпсіздігі және климат тұрақтылығы мәселелері кеңінен талқыланды.

Сонымен қатар Urban Expo көрмесі өтуде,


онда қатысушылар назарына Қазақстанның ұлттық павильоны ұсынылды. Экспозиция қоғамдық кеңістіктерді жаңарту, инфрақұрылымдық шешімдер және жаңа қала құрылысы жобалары арқылы елдің тұрақты, жайлы әрі экологиялық таза қалаларды дамытуға заманауи көзқарасын көрсетеді. Green ID жобасына ерекше назар аударылды, бұл – көгалдандыруға, климат тұрақтылығы мен қалалық ортаның сапасын арттыруға бағытталған бастама.

Айта кету керек, өткен жылы Қызылорда қаласында тұңғыш Ұлттық урбан форум ұйымдастырылып, мемлекеттік органдар, халықаралық ұйымдар, сарапшылар мен бизнес өкілдері бас қосты. Іс-шара өңірдегі тұрақты қалалық даму, заманауи инфрақұрылым қалыптастыру және урбанистика бағытындағы өзекті мәселелерді талқылауға мүмкіндік берді.



/// МӘМІЛЕ

Облыстың инвестициялық әлеуетін арттыруда үлкен жұмыс қолға алынған. Өзге өңірлермен шектелмей шет мемлекеттермен байланыс орнату да нақты әрекет бар. Облыс әкімі Мұрат Ерғешбаевтың тапсырмасына сәйкес, Қазақстанның Франциядағы Елшілік қолдауымен, облыс әкімінің орынбасары Ардақ Зебешев жетекшілік еткен делегация Париж қаласына жұмыс сапарын бастады.



## Францияның бизнес қауымдастығы облыстағы бастамаларға қызығушылық білдірді

Сапардың мақсаты – өңірдің экономикалық және инвестициялық әлеуетін таныстыру, Францияның жетекші компанияларымен, іскерлік ұйымдарымен ынтымақтастықты нығайту.

Алғашқы күні делегация мүшелері бірқатар жетекші компания басшыларымен және өкілдерімен В2В форматында келіссөздер жүргізді. Олардың қатарында «Maisadour», «Nemp-it», «LAROCHE Group», «Igr France», «Heartland Capital», «TotalEnergies» және «SUEZ» компаниялары бар. Кездесулерде ауыл шаруашылығы, тұқым шаруашылығы, техникалық қарасора өсіру, су үнемдеу технологиялары, жаңартылатын энергетика, экология және инвестициялық жобаларды қаржыландыру бағыттарындағы ынтымақтастық мүмкіндіктері талқыланды.

Сапар аясында екі маңызды ұшжақты меморандумға қол қойылды. Қызылорда облысының әкімдігі, «Maisadour» және «Harvest Agro» компаниялары арасында жүгері тұқымын өндіру бойынша ұшжақты меморандум жасалды. Сондай-ақ Қызылорда облысының әкімдігі, «Nemp-it» және

«Harvest Agro» компаниялары арасында техникалық қарасора тұқымын өндіру және өндіру бойынша ұшжақты меморандумға қол қойылды.

Бұл келісімдер өңірде заманауи агро-өнеркәсіптік өндірісті дамытуға, жоғары сапалы тұқым шаруашылығын жолға қоюға, жаңа экспорттық бағыттарды қалыптастыруға және жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, делегация мүшелері Францияның «MEDEF International» ұйымы бас директорының орынбасарымен кездесті. Бұл – Францияның ірі кәсіпорындары мен кәсіпкерлер федерацияларын біріктіретін беделді үкіметтік емес құрылым. «MEDEF International» ұйымының ұйымдастыруымен өткен дөңгелек үстелде Ардақ Зебешев өңірдің инвестициялық әлеуетін таныстырып, өзара тиімді әріптестікті дамыту мәселелері талқыланды. Француз бизнес қауымдастығы Қызылорда облысының бастамаларына қызығушылық білдіріп, бірлескен жобаларды жүзеге асыруға дайын екенін жеткізді.

/// БРИФИНГ

## ҚҰРБАН АЙТ – ҰЛЫҚ МЕРЕКЕ

Облыстық «Ақмешіт-Сырдария» орталық мешітінде өңірлік коммуникациялар қызметінің ұйымдастыруымен көшпелі брифинг өтті. Құрбан айт мерекесінің өту тәртібі, құрбан шалудың шариғи талаптары мен қайырымдылық шаралары туралы ҚМДБ-ның облыс бойынша өкілі, «Ақмешіт-Сырдария» орталық мешітінің бас имамы Дастан Құрманбаев кеңінен айтып берді.

Брифингте Құрбан айт мейрамын жоғары деңгейде ұйымдастыру, халыққа қолайлы жағдай жасау, мешіттерде мерекелік іс-шаралар өткізу, сондай-ақ qurban.muftuy.kz сайты арқылы онлайн және офлайн форматта жүзеге асатын құрбан шалу рәсімдерін жүйелі үйлестіру мәселелері талқыланды.

Сонымен қатар, мал сою орындарын санитарлық-тазалық талаптарына сай әзірлеу, арнайы штабтар құру, құрбан шалу рәсімдерінің шариғат талаптарына сәйкес орындалуын бақылау, құрбан еттерін әлеуметтік жағдайы төмен және мұқтаж отбасыларға уақытылы жеткізу бойынша нақты міндеттер жүктелді.

– Құрбан айт – тек құрбан шалумен шектелмейтін, мұсылман қауымын ынтымақ пен бірлікке үндетін қасиетті уақыт. Бұл күндері мұқтаж жандарға көмек қолын созып, мейірім мен қайырымдылықты арттыруымыз қажет. Биыл жири күнгізбесі бойынша зұлхияжа айы 18 мамырда басталып, 26 мамыр – Арапа күні, ал 27 мамыр Құрбан айттың алғашқы күні болып белгіленген. Айт намазы облыстағы барлық мешітте таңғы сағат 6:00-де оқылады, – деді Дастан Жанасұлы.

Сондай-ақ құрбан шалудың үкімі мен тәртібі де түсіндірілді. Құрбандыққа қой, ешкі, ірі қара және түйе шалынатыны, малдың мінсіз әрі белгілі жасқа жеткен болуы шарт екені айтылды.

Бас имамның айтуынша, өңір мешіттерінде мерекеге дайындық қызу жүргізілуде. Арнайы қасапханалар белгіленіп, еріктілер тобы жасақталған. Құрбан шалу рәсімдері санитарлық талаптарға сай ұйымдастырылып, онлайн форматта да жүзеге асырылады. Ол үшін арнайы платформасы арқылы тапсырыс беруге болады. Бұдан бөлек, тұрғындарды күмәнді қорлармен беймәлім ұйымдардың онлайн құрбандық акцияларынан сақ болуға шақырды. Кәсіпкерлерге әлеуметтік маңызды бар азық-түлік пен құрбан малдарының бағасын негізсіз қымбаттатпау жөнінде үндеу жасалғанын жеткізді.

– Құрбан айт – жүректерге иман нұрын, көңілдерге шаттық сыйлайтын мереке. Осы күндері көпшілікке жақсылық жасап, елдің алғысын алайық. Өткен жылы облыс мешіттерінің ұйымдастыруымен мыңдаған отбасыға құрбан еті таратылып, қайырымдылық шаралары кен көлемде өткізілген. Биыл да осы игі дәстүр жалғасын табады, – деді бас имам.

Сара АДАЙБАЕВА,  
«Сыр бойы»

Қызылорда облыстық мәслихаты «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» және «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» заңдары талаптарының бұзылуына жол бермеу мақсатында Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі №1 ғимаратында «Қызылорда облыстық

мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінің «Азаматтардың өтінішін қабылдау жөніндегі» орналасқандығы және 605401 нөмірі «сенім» телефоны жұмыс істейтінін хабарлайды.

Электронды мекен-жай: [kyz\\_oblmasslikhat@mail.ru](mailto:kyz_oblmasslikhat@mail.ru)

### ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫ ЛАУАЗЫМ ИЕЛЕРІНІҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Азаматтарды қабылдауды жүргізетін лауазымды адамның тегі, аты-жөні	Азаматтарды қабылдайтын адамның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
Тлеумбетов Мұрат Жолкелдіұлы	Қызылорда облыстық мәслихатының төрағасы	бейсенбі сағат 15.00-17.00	Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, №1	605401
Болатбеков Дінмұхамед Сағатбекұлы	«Қызылорда облыстық мәслихатының аппараты» ММ басшысы	сейсенбі сағат 15.00-17.00	Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, №1	607106

Жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдауға алдын ала жазылу үшін 8 (7242) 605401 байланыс телефоны арқылы хабарласуға немесе Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, №1 мекен-жайы бойынша келуге болады.

05.05.2026 жж  
№199 бұйрығына №1 қосымша

### ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ БАСҚАРМАСЫ БАСШЫСЫ МЕН ОРЫНБАСАРЛАРЫНЫҢ АЗАМАТТАРДЫ ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

№	Аты-жөні	Лауазымы	Қабылдау уақыты	Қызылорда облысының әкімі М.ЕРГЕШБАЕВ
1	Әбілпатта Алмас Әбдіғәппарұлы	Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының басшысы	Бейсенбі күні сағ. 17.00-ден 18.00-ге дейін	
2	Жаңыл Исақызы	Басқарма басшысының емдеу алдын алу жұмыстары жөніндегі орынбасары	Сейсенбі күні сағ. 15.00-ден 16.00-ге дейін	
3	Мирзанова Мая Миранбаевна	Басқарма басшысының ана мен бала денсаулығын қорғау ісі жөніндегі орынбасары	Жұма күні сағ. 15.00-ден 16.00-ге дейін	
4	Нуридинов Бектас Балгабаевич	Басқарма басшысының экономикалық сұрақтар жөніндегі орынбасары	Сәрсенбі күні 15.00-ден 16.00-ге дейін	

ЖОБА

## «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЭКОЛОГИЯ, ГЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ТАБИҒИ РЕСУРСТАР МИНИСТРЛІГІ ОРМАН ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ЖАНУАРЛАР ДҮНИЕСІ КОМИТЕТІНІҢ «БАРСАКЕЛМЕС МЕМЛЕКЕТТІК ТАБИҒИ ҚОРЫҒЫ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ ҚОРҒАУ АЙМАҒЫН БЕЛГІЛЕУ ТУРАЛЫ» ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ 2014 ЖЫЛҒЫ 16 МАУСЫМДАҒЫ № 613 ҚАУЛЫСЫНА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 26-бабына, «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңының 43-бабына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің «Барсақалмек мемлекеттік табиғи қорығы» республикалық мемлекеттік мекемесінің қорғау аймағын белгілеу туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2014 жылғы 16 маусымдағы № 613 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 4728 нөмірімен тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің «Барсақалмек мемлекеттік табиғи қорығы» республикалық мемлекеттік мекемесінің қорғау аймағын белгілеу туралы»;

көрсетілген қаулының кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының Жер кодексі» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Кодексінің 123-бабына, «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңының 10, 18, 43-баптарына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі

**ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**;

көрсетілген қаулының 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. «Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің «Барсақалмек мемлекеттік табиғи қорығы» республикалық мемлекеттік мекемесінің аумағында жер учаскелері меншік иелері мен жер пайдаланушылардан алынып қойылмай және жер санағы ауыстырылмай, ені екі шақырымнан кем емес, жалпы ауданы 52160,54 гектар, оның ішінде ауданы 19638,77 гектар «Барсақалмек» учаскесі, ауданы 26670,57 гектар «Қасқақұлдан» учаскесі және ауданы 5851,2 гектар «Сырдария өзені Дельтасы» учаскесінің құзет аймағы;

осы қаулы қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің «Барсақалмек мемлекеттік табиғи қорығы» республикалық мемлекеттік мекемесінің құзет аймағы аумағында табиғат пайдалану режимі мен тәртібі белгіленсін.;

көрсетілген қаулының 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. «Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесі және Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің «Барсақалмек мемлекеттік табиғи қорығы» республикалық мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша) заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.;

көрсетілген қаулы қосымшасының атауы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің «Барсақалмек мемлекеттік табиғи қорығы» республикалық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – Қорық) құзет аймағы аумағында табиғат пайдалану режимі мен тәртібі «Қазақстан Республикасының Жер кодексі» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Кодексінің 123-бабына және «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңының 18-бабына сәйкес әзірленді.»;

көрсетілген қаулы қосымшасының 2-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

3) өсімдіктер мен жануарлар дүниесі үшін зәрлі пестицидтер, улы химикаттар мен тыңайтқыштар қолданылатын ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығының интенсивті нысандарын енгізуге;

көрсетілген қаулы қосымшасының 2-тармағының 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«8) мемлекеттік табиғи қорықтың экологиялық жүйелерінің гидрологиялық режимін өзгертетін қызметке (гидротехникалық құрылыстар және табиғи су ағынын тоқтатуға немесе азайтуға әкеп соғатын басқа да объектілер салуға).».

2. «Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесі және Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің «Барсақалмек мемлекеттік табиғи қорығы» республикалық мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша) заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Б.Д.Жахановқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің «Барсақалмек мемлекеттік табиғи қорығы» республикалық мемлекеттік мекемесінің 2026 жылғы \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ хатымен;

# БІЛІМ КӨРСЕТКІШІ – БОЛАШАҚТЫҢ ЖЕМІСІ

ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫСТЫҢ ЖАЙЫ

Өңірде жазғы маусымда балалар мен жасөспірімдердің демалысы мен сауықтырылуын ұйымдастыруға баса мән беріліп отыр. Айталық, облыс бойынша 1-10 сыныптарда білім алатын 178 918 оқушының 171 361-і, нақтырақ айтқанда, 95,7 пайызы жазғы тынығу лагерінде демалады деп жоспарлануда. Бүгінде аймақта «Қамбаш», «Шағала», «Ақтөре», «Жалын», «Сыр ұланы», «Тау самалы», «Талдысу» сияқты 7 лагерь бар, оның екеуі жыл бойы қызмет көрсетеді.

«Қазақстан халқына» қорының демеушілігімен 829, «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығына 774, сондай-ақ демеушілер мен кәсіподақтар есебінен 4 843 оқушы тынығады. Бұдан бөлек, Президент саябағында жыл бойы жұмыс істейтін 300 орындық білім беру-сауықтыру орталығы жуырда ғана пайдалануға берілді. Онда жылына 8 400 баланың демалуына жағдай жасалған.

Балаларға арналған сауықтыру орталығының басты ерекшелігі – заманауи стандарттарға сай абаттандырылған Ботаникалық бақ салынууда. Онда жас жеткіншектердің ой-өрісін кеңейтуге және өсімдіктердің экожүйедегі маңызын түсіндіруге бағытталған танымдық-экологиялық жұмыстар жүзеге асырылады.

## НАҚТЫ ҚОЛДАУДЫҢ НӘТИЖЕСІ

Президент білім саласына айрықша мән беріп, тың тапсырмалар жүктеткені белгілі. Оның ішінде, ауыл мектептерінде білім алатын балалар үшін қала мектептерімен бірдей жағдай жасалып, заман талабына сай оқыту мен тәрбие берілуін назарға алған болатын. Соған сәйкес өңірлерде бұл салаға қолдау арта түсті.



Суретті түсірген Нұрболат НУРЖАУБАЙ

Аймақтың білім беру саласында атқарылған нәтижелі жұмыстардың айқын көрінісі 2022 жылдан бері заманауи үлгідегі 43 білім беру нысаны салынып, пайдалануға берілді, 9 мектеп жанынан қосымша ғимарат бой көтеріп, үш ауысымдық оқыту мәселесі түбегейлі шешімін тапты. Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында 54 млрд-дан астам қаржыға 10 жаңа мектеп бой көтерді. Бұдан бөлек, «Білімді қолдау қоры» арқылы физика-математика бағытындағы «Білім-инновация» лицей-интернаты ел игілігіне табысталды. Сондай-ақ аталған қор есебінен Арал ауданы Мергенсай елді мекенінен 150 орындық жаңа мектеп пайдалануға беріле, демеушілер есебінен осы ауданда қарасты Тоқабай ауылындағы апаттық мектептің орнына жаңа ғимарат салынды.

Білім саласында атқарылып жатқан ауқымды жұмыстарды жыл сайын еселеп артып отырған қаржы көлемінен-ақ байқауға болады. Айталық, осы кезеңде 15 мектепке күрделі жөндеу жүргізілсе, 9 мектеп қайта жаңғыртудан өткізіліп, 317 пәндік кабинет жаңартылды. Сонымен қатар, жалпы білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасын жаңғырту бағытында қарқынды жұмыстар жүргізілуде.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, ауыл мектептерінің деңгейін көтеру бағытында «Қазақстан халқына» қоғамдық қорымен әріптестік байланысы аясында 5 млрд теңгеден астам қаржы бөлініп, 50 ауыл мектебінде «Білім-инновация» лицейлерінің тәжірибесіне сәйкес арнайы кабинеттер жабықталды.

Көп жылдан бергі тәжірибе көрсеткендей, бала тәрбиесінде қосымша білім берудің орны бөлек. Осы орайда қаланың көрнекті жерінен бой көтерген балалар мен жасөспірімдерге арналған «Сыр жұлдыздары» инновациялық-шығармашылық академиясы бір мезетте 500, тәулігіне 3 мың оқушыға дейін қызмет көрсететін іргелі орталыққа айналды отыр. Сондай-ақ Жалағаш, Жаңақорған, Шиели аудандарында «Оқушылар үйі» мен «Өнер мектептері» салынып, жас өрендер шығармашылығын дамытуда лайықты жұмыстар ұйымдастырған.

«ҚазМунайГаз» ұлттық компаниясының демеушілігімен қаланың сол жағалауында заманауи үлгідегі «Оқушылар сарайы» салынса, одан бөлек, Қазанғап атындағы Қызылорда жоғары музыкалық колледжінің айрықша архитектуралық үлгіде салынған жаңа оқу ғимараты мен жатақханасы табысталды. Әлбетте, осындай нақты қолдаудың нәтижесінде облыс бойынша білім сапасы да биік тұғырдан көрінгенін байқауға болады.

## ЕКІ ЖЫЛ ҚАТАРЫНАН ҮЗДІК

Бүгінгі бағалау жүйесі – Ұлттық бірінші тестілеу қорытындысы бойынша өңір түлектері екі жыл қатарынан республикада үздік деп танылып, жоғары оқу орындарының мемлекеттік грантын иелену көрсеткіші бойынша да бірінші орынға шықты. Айтуға оңай болғанымен, осы көрсеткіштердің артында жылдар бойы жүйелі атқарылған қаншама еңбек жатыр десеңші?! Халықаралық олимпиада жүлдегерлері, республикалық пәндік байқаулардағы жеңістер осындай өлшеусіз еңбектің нақты көрінісі десек болады.

Сөзіміз дәлелді болуы үшін жыл аясындағы жетістіктерге азырақ тоқталып өтсек, билығы оқу жылында Жезқазған қаласында химия пәнінен өткізілген Қ.Сәтбаев атындағы халықаралық олимпиадаға 3 оқушы қатысып, 2 оқушы І-III жүлделі орындарға ие болды.

Ал 2025 жылдың 5-9 қараша күндері Тәжікстанның Душанбе қаласында өткен КНМ-МО-2025 халықаралық математика және информатика олимпиадасына 1 оқушы қатысып, І орын иеленді. Сондай-ақ Алматы қаласында өткен информатика пәні бойынша Еуразиялық олимпиадаға 2 оқушы қатысып, нәтижесінде І-III жүлделі орыннан табылды.

Алматы қаласындағы халықаралық Жәуітқов олимпиадасына облыстан 9 оқушы қатысып, 4-і жеңімпаз атанса, Астана қаласындағы Азия-Тынық мұхиты олимпиадасына қатысқан 6 оқушының 1-і жүлделі орын иеленді. Бұдан бөлек, Астана қаласындағы «Жібек жолы» олимпиадасында, «NFOMATRIX ASIA», «Ғылым әлемін ашамыз» халықаралық байқауларында, Ө.Жолдасбеков атындағы математикадан және механикадан зерттеу жұмыстарының халықаралық конкурсында аймақ түлектері алғашқы үштік қатарынан табылып, жүлделі орындар иеленді.

Тағы бір айтулы жұлде, Мәскеу қаласында ұйымдастырылған 60-Менделеев халықаралық олимпиадасына 1 оқушы қатысып, І орынды жеңіп алды. Сондай-ақ Грекияның Салоники қаласында өткен математикадан Балқан халықаралық олимпиадасына қатысқан оқушы жүлделі ІІІ орынға ие болды.

Жалпы 2025-2026 оқу жылында халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурсына 44 оқушы қатысып, 27-сі үздік нәтиже көрсетсе, жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиадаға қатысқан 74 оқушының 30-ы жүлделі орын иеленді. Ауыл мектептерінің оқушыларына арналған республикалық пәндік олимпиаданың қорытынды кезеңіне 67 оқушы қатысып, оның 33-і жеңімпаз атанды. Ал ғылыми жоба конкурсына 39 оқушы қатысып, 19-ы үздіктер қатарынан көрінді.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың қоғамдық-гуманитарлық бағытында Қазалы ауданы Е.Бозғұлов атындағы №249 мектеп-лицейінің 11-сынып оқушысы Нұр-төре Әмірхановтың Ш.Мұртаза атындағы халықаралық Тараз университетінің білім грантына ие болғанын айрықша атап өткеніміз жөн болар.

Т.Ізілеуов атындағы №29 орта мектебінің 11-сынып оқушысы Гүлсая Ахметова, Е.Бозғұлов

атындағы №249 мектеп-лицейінің 11-сынып оқушысы Нұр-төре Әмірхан, Т.Көмекбаев атындағы №250 мектеп-лицейінің 11-сынып оқушысы Қайсар Жансерікұлы сынды оқушылар «Үздік ауыл мектебінің оқушысы-2026» атағын иеленді.

Ауыл мектептерінің оқушыларына арналған және жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың қоғамдық-гуманитарлық бағыты бойынша өңір түлектерінің «Ең үздік олимпиадалық команда-2025» атағын иеленуі де ұстаздар еңбегінің нақты дәлелі болса керек.

## ҰСТАЗДАР ЕҢБЕГІ ҰШАН-ТЕНІЗ

Жоғарыда бір жылдың өзінде жүздеген шәкірттің жүлделі орын иеленгенін айттық. Ал осыныша жетістіктердің ар жағында өз ісіне шын берілген ұстаздар еңбегі бар екені даусыз. Соның дәлелі, биыл 27 ұстазға мемлекеттік награда табысталса, 173 педагог ведомстволық марапат иеленді.

ҚР Оқу-ағарту министрлігі ұйымдастырған жыл сайынғы «Үздік педагог» республикалық конкурсында 2022-2025 жылдар аралығында 19 оқытушы «Үздік педагог» атанды. Ал билығы оқу жылында «Математикалық регата» байқауының республикалық кезеңінде, «Дарынды балаға – талантты ұстаз», «Педагогикалық идеялар фестивалі», «Үздік авторлық бағдарлама» байқауларынан 20-дан астам ұстаз жүлделі орын иеленді. «Үздік педагогикалық эссе» байқауы, «Тәжірибеден – цифрлық болашаққа», нетворкинг-фестивалі аясындағы «Білім мен технология тоғызсындағы ұстаз» Республикалық байқауынан М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің оқушылары Г.Мұхиддинова, Б.Өлі жөніс тұғырынан көрінді.

«Теміржол көлігі саласы» бойынша республикалық кәсіби шеберлік байқауынан Қазалы көлік-техникалық жоғары колледжінің арнайы пән оқытушысы Э.Маханова, «Үздік шебер – 2025» республикалық байқауынан Қазалы аграрлық-техникалық колледжінің шебері Б.Серева, V республикалық кәсіби шеберлік байқауынан И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда политехникалық жоғары колледжінің «Агрономия» пәні оқытушысы Б.Байназар жеңімпаз атанды.

Үздік шәкірт тәрбиелеп, кәсіби еңбек еткен ұстаздарды қолдаумен қатар, бағалауға барынша мән берілген. Бұл орайда облыстық білім басқармасының білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағы облыстық комитетімен бірлесіп, педагогтер арасындағы кәсіби байқаулардың республикалық кезеңінен жеңімпаз атанған педагогтерге еліміздегі шипажайларға жолдама ұсынды.

Облыс әкімдігінің қолдауымен өткен жылы «Инклюзивті білім беруді дамыту округтері» жобасына 199,9 млн теңге бөлініп, тірек мектебі-ресурстық орталықтар ретінде дамыту жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, Қызылорда қаласындағы күзиреттілік орталығы ретіндегі 3 балабақша толық интерактивті технологиялармен жабықталды. Ал биыл «Жасанды интеллект бейінді мектебі» жобасы және облыстағы 10 «Келешек мектебі» бағыттар бойынша дамыту мақсатындағы «Келешек мектептерін дамытудың өңірлік экожүйесі» қалыптастырылуда.

Сөзімізді қорытындылай келе, мектеп бітіру кешіне қатысты қабылданған ережені айта кетуді жөн көрдік. Білім басқармасы тарапынан арнайы бұйрық шығарылып, барлық білім беру ұйымының басшыларына мектеп бітіруші түлектердің ата-аналары мен отбасына салмақ түсетін орынсыз шығындарды болдырмау туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілген. Сол сияқты, мерекелік дастарқан ұйымдастыруға, жалға берілетін автокөліктерді пайдалана отырып, қалада, қала сыртында экскурсиялар өткізуге, емтихандар кезінде дастарқан жаю, сыншы жетекшілеріне сыйлықтар ұйымдастыру сынды әрекеттерге жол бермеу керектігі қатаң тапсырылды.

Ғазиза ӘБІЛДА  
«Сыр бойы»

Қызылорда қаласындағы С.Толыбеков атындағы №3 ІТ мектеп-лицейі – Сыр өңіріндегі тарихи бай, іргелі білім ордаларының бірі. Ғасырға жуық уақыт ішінде бұл қарашаңырақ мыңдаған шәкірт тәрбиелеп, ел дамуына қызмет ететін азаматтарды қанаттандырды. Уақыт көшінен қалмай, заман ағымына сай жаңартып отырған білім ордасы бүгінде тек дәстүрлі мектеп емес, жаңа технология мен ұлттық тәрбиені ұштастырған заманауи орталыққа айналды.

# БҮГІНГІ БАЛА ЕРТЕНГІ ЦИФРЛЫҚ ҚОҒАМДА ӨМІР СҮРЕДІ



1939 жылы негізі қаланған мектептің тарихы Сыр өңіріндегі білім саласының қалыптасу кезеңінен тікелей байланысты. Алғашқы жылдары оқу орнына мемлекет қайраткері К.Ворошиловтың есімі берілген. Соғыс жылдары, одан кейінгі қиын кезеңдерде де мектеп шәкірт тәрбиелеу жолынан жанылған емес. Сол уақыттағы ұстаздардың жанкешті еңбегі мен білімге деген адалдығы бүл білім ордасының іргетасын берік қалады.

Уақыт өте мектептің атауы да, бағыты да өзгерді. Бірақ бір нәрсе өзгерген жоқ. Ол – саналы білім беру ұстанымы. Осы ұстаным С.Толыбеков атындағы №3 ІТ мектеп-лицейінің өңірдегі үздік білім ошақтарының біріне айналдырды.

Мектепке кірген сәттен мұндағы ерекше атмосфера бірден сезіледі. Дәлілдердегі тыныштық пен тәртіп, оқушылардың білімге деген ынтасы, мұғалімдердің жауапкершілігі бір мақсатқа жұмыс істеп тұрған үлкен жүйені аңғартады. Мектеп директоры Ләззат Әбенова білім ордасының бүгінгі басты миссиясын ерекше атап өтті.

– Біздің басты мақсатымыз – тек жақсы оқитын оқушы тәрбиелеу емес. Заман талабына бейімделе алатын, ұлттық құндылықты бойына сіңірген, цифрлық ортада еркін әрекет ететін саналы ұрпақ қалыптастыруды көздеміз. Қазіргі қоғамға тек білімді адам емес, ойлай алатын, ізденетін, жауапкершілігі бар тұлға қажет, – дейді ол.

Кейінгі жылдары мектеп мүлде жаңа даму кезеңіне өтті. Әсіресе ІТ бағытындағы жұмыстар күшейтілді. Робототехника, STEM инженерия, бағдарламалау, цифрлық жобалау, 3D модельдеу бағыттары бойынша арнайы кабинеттер жұмыс істейді. Оқушылар ерте жастан технология тілін меңгереді. Кейбірі қарапайым бағдарламалар жазса, енді бірі робот құрастырып, ғылыми жобалар әзірлейді. Жасанды интеллект тақырыбы да оқу процесінің бір бөлігіне айналған.

Бұл өзгерістер кездейсоқтық емес. Кейінгі бірнеше жыл ішінде мектептің материалдық-техникалық базасы түбегейлі жаңартылды. Заманауи интерактивті панельдер, мультимедиялық құрылғылар, жаңа форматтағы ІТ кабинеттер мен STEM зертханалары іске қосылды.

– Қазіргі оқушыны ескі тәсілмен қызықтыру мүмкін емес. Сондықтан біз білім берудің жаңа форматына көшуді ертерек бастадық. Балалар теорияны ғана емес, практиканы да қатар меңгеруі керек. Бүгінгі бала ертеңгі цифрлық қоғамда өмір сүреді. Сол себепті біз оларды технологиялық ортаға қазірден бейімдеп жатырмыз, – дейді Л. Әбенова.

Мектептің кейінгі жылдардағы жетістіктері атқарылған жұмыстың нәтижелі екенін айқын көрсетеді. Әсіресе, 2025-2026 оқу жылы білім ордасы үшін табысты кезең болды. Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті жариялаған қорытындыға сәйкес, мектеп 2025 жылдың нәтижесі бойынша Қазақстандағы үздік 100 мектептің қатарына енді. Бұл жетістік – ұжымның бірнеше жыл бойы жүргізген жүйелі еңбегінің жемісі.

Билығы оқу жылында мектеп оқушылары республикалық және халықаралық деңгейдегі байқауларда жоғары нәтиже көрсетті. Әсіресе ғылыми жобалар мен ІТ бағытындағы жарыстардағы жетістіктері ерекше.

11-сынып оқушысы Абзал Әбдіғали Ө.Жолдасбеков атындағы XV халықаралық зерттеу жобалары конкурсында ІІ орын иеленді. Ал Бағдаулет Төренияз халықаралық «Әл Фараби – 2026» олимпиадасында ІІІ орын алып, білім грантын жеңіп алды. Сонымен қатар мектеп оқушылары «InnoFest Qyzylorda – 2025» байқауында жасанды интеллект бағыты бойынша үздік танылып, 500 мың теңге көлеміндегі сыйақыға ие болды.

Бұл жетістіктердің артында үлкен еңбек жатыр. Себебі мектепте ғылыми жобалармен жұмыс істеу жүйесі ерте қалыптасқан. Мұнда оқушы тек сабақ оқып қана қоймайды, ізденеді, тәжірибе жасайды, жаңа идея ұсынады.

– Біз балалардың дайын ақпаратты жаттап алуына емес, өздігіннен ойлауына басымдық береміз. Ғылыми жоба – баланың интеллектісін дамытатын ең тиімді бағыттардың бірі. Қазір көптеген оқушымыз жасанды интеллект, цифрлық технология, инженерия салаларына қызығушылық танытып жүр. Бұл – болашақтың мамандықтары, – дейді мектеп басшысы.

Бүгінде мектепте 2000-ға жуық оқушы білім алады, педагог саны 165. Олардың арасында педагог-шеберлер, зерттеушілер, сарапшылар мен модераторлар бар. Ұстаздардың кәсіби деңгейі мектеп жетістігінің басты факторына айналған. Биыл мектеп ұстаздары да түрлі республикалық байқауларда жоғары нәтиже көрсетіп, білім ордасының мерейін үстем етті. Атап айтқанда, Бақыт Респембетова «Үздік авторлық бағдарлама – 2025» Республикалық байқауында жүлделі орын иеленсе, Роза Ерімбетова «Үздік педагог – 2025» байқауында үздік атанып, облыс әкімінің арнайы сыйақысымен марапатталды.

Жалпы бұл мектептен бүгінге дейін 5 мұғалімнің республикалық «Үздік педагог» атағын иеленуі ұжымның кәсіби деңгейінің жоғары екенін көрсетеді. Бұл жетістік – ұстаздардың үздіксіз ізденісі мен жүйелі еңбегінің нәтижесі. Мектепте педагогтердің біліктілігін арттыруға ерекше көңіл бөлініп, олардың тәжірибе алмасуына және кәсіби дамуына тұрақты қолдау көрсетіліп келеді.

Ұстаздар үшін семинарлар, коучингтер, тәжірибе алмасу алаңдары тұрақты ұйымдастырылып, жас мамандарға арнайы тәлімгерлер бекітіледі. Соның нәтижесінде мұғалімдер үнемі ізденіс үстінде болып, республикалық деңгейдегі байқауларда жоғары нәтижелерге қол жеткізіп келеді.

– Ұстаздың дамуы тоқтаса, мектептің дамуы да тоқтайды. Сондықтан біз педагогтердің кәсіби өсуіне ерекше назар аударамыз. Қазіргі мұғалім тек пән үйретуші емес, бағыт беруші тұлға болуы керек, – дейді Ләззат Әбенова.

Мектептегі тағы бір маңызды бағыт – цифрлық сауаттылық пен жасанды интеллект мүмкіндіктерін тиімді пайдалану. Қазір мұғалімдер сабақ жоспарлау, тапсырма

дайындау, білімді саралау кезінде ЖІ құралдарын қолданады. Ал оқушылар ғылыми жобалар мен презентациялар әзірлеуде AI платформаларын пайдаланып жүр. Дегенмен мектеп бұл мәселеде қауіпсіздік пен академиялық адалдыққа ерекше назар аударады. Оқушыларға интернеттегі ақпаратты дұрыс пайдалану, жалған ақпаратты ажырату, кибергиғиена мен авторлық құқық жөнінде тұрақты түсіндіру жұмыстары жүргізіледі.

– Жасанды интеллектті тоқтату мүмкін емес. Сондықтан біз балаларға оны дұрыс қолдануды үйретуіміз керек. Ең бастысы – технология адамды алмастырмауы тиіс. Керісінше, адамның мүмкіндігін арттыратын құралға айналуы қажет, – дейді мектеп директоры.

Мұнда білім сапасымен қатар, тәрбие жұмысына да ерекше мән беретіні байқалады. Ата-анамен байланыс жүйесі жақсы жолға қойылған. Әкелер кеңесі, Аналар мектебі, Аталар мен Әжелер мектебі жұмыс істейді. Тәрбие бағытындағы іс-шаралар да жүйелі өткізіліп тұрады. Цифрлық қауіпсіздік, бала тәрбиесі, қоғамдағы тәртіп, отбасылық құндылықтар тақырыбында арнайы кездесулер ұйымдастырылады.

Бүгінде ата-аналардың мектепке деген талабы да өзгерген. Қазіргі ата-ана тек білім сапасына ғана емес, баласының қауіпсіздігіне, психологиялық жағдайына, цифрлық сауаттылығына да мән береді. Сондықтан мектеп жұмысы ата-анамен тығыз байланыста жұмыс істеуді басты бағыттардың біріне айналдырған. Бүгінгі жетістіктің артында үлкен жауапкершілік жатыр. Себебі үздік мектеп



статусын алу бір бөлек, сол деңгейді ұстап тұру одан да маңызды. Бұл үшін білім сапасына тұрақты мониторинг жүргізіледі. Өңір оқушымен жеке жұмыс жасау жүйесі қалыптасқан. Дарынды балаларға арнайы факультативтер ұйымдастырылып, олимпиадалар мен ғылыми жобаларға дайындық күшейтілген. Қазір жаратылыстану-математикалық бағыттағы көрсеткіш жоғары.

Басшының айтуынша, кейінгі жылдары ҰБТ нәтижелері де тұрақты өсіп келеді. Биыл 176 тұлға ұшқалы отыр. Оның ішінде 13 оқушы «Алтын белгіге», ал 19 оқушы үздік аттестатқа үміткер. Түлектермен арнайы жоспар бойынша жүйелі дайындық жүргізілуде. Бұл жұмыстардың бәрі мектептің нақты стратегия бойынша дамып келе жатқанын көрсетеді. Тек білім берумен шектелмей, тұлға тәрбиелеуге басымдық береді. Әдеби кештер, ұлттық мерекелер, шығармашылық байқаулар, спорттық жарыстар оқушылардың жан-жақты дамуына бағытталған. Ұлттық құндылық пен заманауи білімді ұштастыру негізгі философиясына айналған.

– Біз технология дамыған заманда өмір сүріп жатырмыз. Бірақ ұлттық тәрбие ешқашан екінші орынға түспеуі керек. Білім мен тәрбиені қатар алып жүргенде ғана біз нағыз бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелей аламыз, – дейді басшы.

Мектеп директорының еңбегі мемлекет тарапынан да жоғары бағаланды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың қолынан «Ерен еңбегі үшін» мемлекеттік медалін алуы – білім саласындағы ұзақ жылғы еңбектің нәтижесі. Бұл сәтті Ләззат Әбенова өміріндегі ерекше кезеңдердің бірі ретінде еске алады.

– Президенттің қолынан марапат алу – мен үшін үлкен мәртебе әрі зор жауапкершілік. Бұл тек менің емес, бүкіл мектеп ұжымының еңбегіне берілген баға деп есептеймін. Себебі бір адамның жетістігінің артында үлкен команда тұрады, – дейді ол.

Л.Әбенова мектеп директоры қызметін 2019 жылдан бері атқарып келеді. Осы уақыт ішінде білім ордасында көптеген өзгеріс болды. Жаңа жобалар іске қосылды, материалдық база жаңартылды, ІТ бағытындағы жұмыстар күшейтілді. Бүгінде мектеп тек облыс көлемінде емес, республика деңгейінде де танылып отыр. Алдағы уақытта халықаралық жобаларға қатысатын оқушылар санын арттыруды, STEM және ІТ бағытындағы жұмыстарды кеңейтуді жоспарлап отыр. Жасанды интеллект, инженерия, цифрлық білім беру салалары бойынша жаңа жобалар жүзеге асырылмал. Сонымен қатар мұғалімдердің халықаралық тәжірибе алмасуына мүмкіндік беру де жоспарланған.

С.Толыбеков атындағы №3 ІТ мектеп-лицейінің бүгінгі келбеті – еңбек пен ізденістің нәтижесі. Тарихы терең бұл қарашаңырақ уақыт талабына бейімделе отырып, жаңа дәуірдің білім ордасына айналып келеді. Сыр өңіріндегі талай дарынды шәкірттің қанатын қайтақан мектеп алдағы уақытта да саналы ұрпақ тәрбиелеу жолындағы миссиясын жалғастыра беретіні анық.

Бағлан АМАНЖОЛ,  
«Сыр бойы»

Өңірде өзгеріс көп. Өсіресе, құрылыс, өндіріс, инфрақұрылымды дамытуда көптеген жобалар жүзеге асып жатыр. Ал олардың игілікке беріліп, халыққа қызмет етіп жатқандарын жете танытуда БАҚ өкілдері үшін баспасөз турының мәні зор. Сәрсенбі күні журналистер жолға шықты. Шиеліден басталған сапар алдағы аптада да жалғасады.

Кейінгі жылдары Шиелі ауданында көптеген жаңа әлеуметтік нысандар бой көтерді. Ұзақ уақыттан бері түйіні тарқатылмай келген жарық жүйесінде электр бағаналары жаңартылып, халыққа сапалы қызмет көрсете бастады. Елді мекендерді абаттандыру, көгалдандыру, аяқсу мәселесі оң шешімін тапты. Осы жолғы сапарда БАҚ өкілдері ауданның тыныс-тіршілігін тағы бір таразылап қайтты.

## ШИЕЛІ: АУЫЛДЫ ТҮЛЕТКЕН АУҚЫМДЫ ЖОБАЛАР



### ЖӨЛЕКТЕГІ ЖАРАСЫМ


Жөлек ауылдық округі аудан орталығы – Шиелі кентінен 30 шақырымдай қашықта орналасқан. Онда 1640 адам тұрады. Мемлекет қолдауымен ауылдың инфрақұрылым жағдайы жақсарып келеді. Барлық көше асфальттанса, басым бөлігінде жарық шамдары орнатылған. Жергілікті тұрғындар таза ауызсудың игілігін көріп отыр. Ауылда аяқсу мәселесінің толық шешілуі «Таза Қазақстан» бағдарламасын тиімді жүргізуге басты дәнекер болып отыр.

– Тұрғындар бірнеше жылдан бері спорт кешенінің салу жөнінде ұсыныс жасап келе жатқан еді. Бұл ғимараттың жоба-сметалық құжаты 2025 жылы демеушілік есебіннен жасалды. Елдің өтініші аудан бюджетінен қолдау тауып, құрылыс жұмысы басталды. Нысан жастардың спортпен тұрақты айналысуына, бұқаралық спортты дамытуға тың серпін береді, – дейді Жөлек ауылдық округінің әкімі Мейірбек Жолдасбеков.

Спорт кешенінің жалпы ауданы – 982,15 шаршы метр. Нысанның архитектуралық шешімі заманауи талаптарға сай жүзеге асырылады. Ал өлшемі 20x42 метр болатын тіктөртбұрыш пішінінде салынған. Құрылыс жұмыстарын «Интегрострой» ЖШС жүргізсе, техникалық қадағалау міндеті «Строительный контроль» ЖШС-не жүктелген.

Сондай-ақ аудан орталығындағы спорт кешеніне күрделі жөндеу жүргізілуде. Жоба аясында нысан толық жаңғыртылып, заманауи талаптарға қайта бейімделеді. Ғимараттың жалпы ауданы – 1 816 шаршы метр. Жаңғырту барысында ғимараттың ішкі және сыртқы инфрақұрылымы жаңартылды.

– Қазір жастардың спортқа қызығушылығы басым. Олардың қатары жылдан-жылға көбейіп, инфрақұрылым мәселесін жақсартуға мән бердік. Десе де спорт кешені ұзақ уақыт бойы сол талаптарға сай келген жоқ. Тұрғындардың өтінішімен ғимарат толықтай жаңғыртылып жатыр. Жалпы, кешенде шағын футбол, күрес және өзге де спорт түрлерімен айналысуға болады. Бұрын ғимараттың шатырынан су ағып, спортшыларға дәуір келерді келтіретін. Енді мәселе толық шешімін



тауып, жастар жайлы, жылы және сәулетті ғимаратта сергектікті серік етіп, алдағы жарыстарға тыңғылықты дайындық жасайды. Сол жастар арасынан республикалық және облыстық жарыстарда топ жарып жүргендер баршылық, – дейді аудандық дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімінің басшысы Беркінбай Ермағанбетов.

### ЖАРЫҚ ЖАЙЫ ЖАҚСАРА ТҮСТІ

Шиелінің Ақмая және Бәйгекүм ауылдық округтерінде электр желісін жаңғырту жұмыстары кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда. Бұл – әрине ауыл халқын сапалы әрі тұрақты электр энергиясымен қамтамасыз етуге жасалған қарқанды қадам.

Теміржол бойындағы Бәйгекүм ауылдық округі кезінде көкөніс-бақша

өсірумен әйгілі болды. Қазір бұл ауылда мемлекет қолдауымен көптеген игі істер жүзеге асты. Десе де жарты ғасырға жуық уақыттан бері электр бағанасы ауыстырылған жоқ. Соның салдарынан жергілікті тұрғындар ауа райының қолайсыз күндерінде жарық мәселесінен қиындық көріп келгені рас.

– Мен осында дүниеге келдім. Ауылдың өмірі көз алдымда өтіп жатыр. Бұған дейін жетпісінің жылылардың орта шенінде электр бағаналар ауыстырылған еді. Олардың әбден тозығы жетуінен жарықтың жағдайы қиындап кетті. Жарықтың сөнугі екі-үш күнге созылса, кейде аптаға дейін жететін. Енді ол қиындықтар артта қалады деп қуанып отырмыз. Электр бағаналары түгелдей жаңартылуда. Мұның өзі жетістік, – дейді Дәліхан Жұмаділдаев.

Мамандардың айтуынша, Бәйгекүм ауылындағы электрмен жабдықтау

желісін реконструкциялау жобасы бойынша 10 кВ болатын ұзындығы 12,3 шақырым және 0,4 кВ болатын ұзындығы 23,6 шақырым электр желісі тартылады. Сондай-ақ 12 дана трансформатор орнатылады. Осылайша сапалы әрі тұрақты электр қуатымен қамтуға жол ашылып отыр.

Ал Ақмая ауылында 10 кВ болатын ұзындығы 4,267 шақырым және 0,4 кВ болатын ұзындығы 18,61 шақырым электр желісі жүргізіліп, 501 электр бағанасы орнатылған. Сондай-ақ қуаттылығы әртүрлі 7 трансформатор іске қосылған.

– Бұл мақсатта 2024 жылы еліміздің Ұлттық қорынан 348 млн, облыстық бюджеттен 50,4 млн теңге бөлінген еді. Қаржы ауылда ескі электр бағанасын ауыстырып, олардың орнына темір-бетонды 501 электр бағанасын орнатуға жұмсалды. Оған қоса көше жарығы мәселесі өз шешімін тапты. Жоба өткен жылдың аяғына

қарай игілікке асты, – дейді Ақмая ауылдық округінің әкімі Ғалымжан Бейсембаев.

Жергілікті тұрғын Виталий Пактың айтуынша, ескі электр жүйесі тұрғындардың талабына ешқандай сай келген жоқ. Жарықтың өшуі жиі көрініс беріп, көпшіліктің ренішін туғызып жататын. Бұған байланысты тұрғындар бірнеше жылдан бері айтып келе жатқан еді. Былтыр қайта жаңғырту жұмыстары толық біткеннен кейін жарық мәселесі толықтай шешілді.

Айта кетсек, ауданда «Шиелі» қосалқы станциясын қайта жаңғырту жұмысы жүзеге асырылған. Мұның халықты тұрақты электр энергиясымен қамтамасыз етуге маңызы зор. Бұл станция 1964 жылы пайдалануға берілген. Қазір ауданда 19 мыңнан астам электр тұтынушы тіркелген. Оның ішінде 17 мыңнан астамы жеке азаматтар болса, қалғаны – заңды тұлғалар. Қайта жаңғырту арқылы электрмен қамту жүйесі тұрақталып, халықтың сала қызметіне сенімділігі артты.

### АЯҚСУДЫҢ ШЕШІМІ

Білуімізше, жергілікті тұрғындар аудан басшылығына кент орталығындағы «Базар» арығын жөндеуге қатысты ұсыныс білдіріп келген. Өйткені, бұрынғы су жолы ешқандай талапқа сай келмейді. Аяқсудың ысырабы көп еді. Енді жағдай оң бағытқа ойысып, «Базар» арығына темір-бетонды науа орнату ісі қолға алынды.

Жалпы, Шиелі кентінде 36 мыңнан астам тұрғын бар. «Базар» арығы – сол тұрғындардың аяқсу қажетін өтейтін ең маңызды арна.

Жоба 2023 жылы сараптамадан өткен. Ұзындығы 8400 метр болатын арықтың 2886 метріне 2016 жылы темір-бетонды науа салынса, қалған 5 514 метр бөлігіне лоток орнату қажеттілігі туындаған. Жоба толық жүзеге асқанда тұрғындарды аяқсумен қамтамасыз ету сапасы жақсартатын болады.

БАҚ өкілдері Шиеліде осындай іс-шаралардың куәсі болды. Ендігі сапар Жаңақорғанда жалғасады.

Әділжан ҰМБЕТ,  
«Сыр бойы»

1-бет



Суреттерді түсірген Нұрболғат НҮРЖАУБАЙ

### /// АУЫЛ АМАНАТЫ

## КӘСІПКЕ БЕРІЛГЕН МҮМКІНДІК

Нақты кезеңде «АМАНАТ» партиясы бастамасымен жүзеге асып жатқан «Ауыл аманаты» жобасы ауыл тұрғындарының әл-ауқатын арттырып, кәсіп бастауға ниетті азаматтарға қолдау көрсетіп келеді. Бұл бағдарламаның игілігін көріп отырғандардың бірі – кәсіпкер Нұргүл Бақымова.

Шиелі ауданының тұрғыны өткен жылы бағдарлама аясында 2,5 пайыздық жеңілдетілген несиені алып, кәсібін жаңа деңгейге көтерді. Ол партия қолдауымен 9 миллион 800 мың теңге қаржыға ие болып, өндіріс ауқымын кеңейтіп, қажетті құрал-жабдықтарын жаңартқан. Бүгінде Шиелі кентіндегі «Ауыл аманаты» әлеуметтік дүкенінде өз өнімдерін халыққа ұсынып қана қоймай, әлеуметтік желідегі парақшасы арқылы онлайн сауданы да табысты жүргізіп отыр. Қазір тапсырыстар Қазақстанның барлық өңірін қамтып, жеткізу қызметі жүйелі жолға қойылған.

Нұргүлдің қолынан шыққан жұмсақ ойыншықтар, көрпе-төсек жабдықтары мен тұрмыстық бұйымдарға жүртшы-

лықтың қызығушылығы артып келеді. Ұлттық нақыш пен сапаны үйлестірген өнімдер тұтынушылардың ерекше ықыласына ие болды.

– Қазір тойдың маусымы болғандықтан, қыз жасауына арналған көрпелер, құрақ бұйымдар мен түрлі тұрмыстық заттарға сұраныс өте жоғары. Нұргүлдің өнімдерінің сапасы ерекше ұнайды. Тігісі ұқыпты, заманауи үлгіде жасалған әрі ұлттық нақышы бар. Сондықтан біз ғана емес, көрші ауылдардан да арнайы келіп алып жатқан адамдар көп. Бағасы да қолжетімді. Осындай сапалы дүниелердің ауылдан шығып жатқаны қуантады, – дейді тұтынушылардың бірі Д.Данабекова.

Сапалы әрі ұлттық нақышта



тігілген дүниелер ауыл тұрғындарының ғана емес, Түркістан, Ақтөбе облыстары мен Шымкент, Астана қаласы тұрғындарының да қызығу-

шылығын тудырып, тапсырыс алып отыр. Колонер шебері бағдарламаның зор мүмкіндік бергенін айтады.

– «Ауыл аманаты» бағдарламасы

менің кәсібіме үлкен көмек болды. Бұрын шағын көлемде жұмыс істесем, бүгінде кәсібімді кеңейтіп, еліміздің түкпір-түкпіріне өнім жіберудемін. Ауыл аманаты» жобасы әлемдік табыс тауып, өз ісінді дамытуға болатынын «Ауыл аманаты» жобасы дәлелдеді. Бұл – нақты қолдау. Осындай мүмкіндік жасаған партияға алғыстан өзге айтарым жоқ, – дейді Н.Бақымова.

«Ауыл аманаты» – ауыл тұрғындарына тек қаржылай көмек көрсетіп қана қоймай, олардың өз кәсібін дөңгелентіп, тұрақты табыс табуына жол ашқан маңызды жоба. Осындай нақты қолдаудың арқасында Шиелі ауданында кәсіпкерлер қатары да көбейіп, ішкі өнім көлемі 2025 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 97,1 пайызды құрады. Бұл – ауыл экономикасын дамытуға бағытталған партияның жүйелі жұмысының нақты жемісі.

«СБ» ақпарат

Сыр өңірінің өрлеуі, өркендеуі жолында өшпес қолтаңбасын қалдырған, ғұмырының ұзақ жылдарын ел басқару ісіне арнап, аймағымыздың дамуына сүбелі үлес қосқан қайраткер тұлға Алмагүл Божанова туралы сөз айтардан бұрын туған жер дейтін киелі мекеннің келбетіне көз салуымыз керек.

# Өзі Жанып, өмірге Жарық шашқан



Ертеде Теренөзектің орнында үлкен терең көл болыпты, сол көлде ылғи алтын балықтар жүзіп жүреді екен деген бір аңыз естіген едік.

Меніміс, бұл өлке – алтын адамдар галереясы.

Әулие-әмбиелерді, ахундарды, сүйелерді айтпағанда Кеңес Одағының Батыры атағын алған Нағи Илиясов пен Жаппасбай Нұрсейітов есімдерінің өзі абаб өлкеге айбат беріп тұр.

Кейінгі ұрпақ жете біле бермейтін батырлар қанша. Бұл аудан тарихында өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдары Қарақұмда қарақшылар қолынан қаза тапқан Серікбай Жақеев пен Жылқыбай Құттыбаевтың шынайы ерлігі жазылған. Теренөзек кенті орталығындағы «Тағзым» алаңында осы боздақтарға арналған ескерткіш бар.

Ұлы Отан соғысынан кейін халық шаруашылығын қалпына келтіру жылдарында бидайдан мол өнім алған Социалистік Еңбек Ері Күләнда Әбдіраманова ауданнан еңбек батыры атанған бірінші әйел болса, Ибадулла Ақниязов пен Дүйсенбай Керейтбаев облыста бидайдан рекордтық өнім алғандары үшін Социалистік Еңбек Ерлері атанды. Күріш өсіруден Қасым Бөдеев, Цой Ги Хва, Балдырған Мұстапаева да Социалистік Еңбек Ерлері атағын алды.

Шопан, Социалистік Еңбек Ері Ахмет Халықов, «Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген ауыл шаруашылығы қызметкері», сауыншы Сәуле Өмірзақова, «Ленин» орденінің иегері, Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің депутаты болған шопан Рабига Іздікұлова, «Ленин» орденінің иегері, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болған, аты аңызға айналған сауыншы Кұлжан Әуезова, тәуелсіз еліміздің ең жоғарғы атағы «Қазақстанның Еңбек Ері» атағын алған Абзал Ералиев бар.

Сонымен бірге Мемлекеттік сыйлықтың иегері, министрдің орынбасары, Республика Жоғарғы сотының төрағасы лауазымындағы кісілер де Теренөзек топырағынан түседі.

Осы галереяда тәуелсіздік жылдары аудан басқарған алғашқы әйел әкім Алмагүл Божанованың есімі де алтындай жарқырап тұр.

Алмагүл Божанова 1946 жылы қазіргі Сырдария ауданының Қызылөзек аталатын ауылында өмірге келген. Қызылордадағы М.Мәметова атындағы педучилищені, мұнан соң педагогикалық институтты бітірген. Оның туған жерінің, халқының алдындағы абыройға кенелуі басшылық қызметтерімен тікелей байланысты. Әсіресе, 1983-1999 жылдар аралығындағы аудан басшылығында атқарған қызметтері Алмагүл Божанованың азаматтық тұлғасын, адами бейнесін паш етті.

Бұған дейін жас Алмагүл аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы, мектеп директоры болып еңбек етіп, басшылыққа ысылған, тәжірибелі маман болып қосылды.

1983-1992 жылдары аудандық партия комитетінің хатшысы, халық депутаттары аудандық Кеңесі атқару комитетінің орынбасары, төрағасы қызметтерін атқарған.

1992-1999 жылдары Сырдария ауданының әкімі болды.

Қоғам өзгеріп, жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға ауысып, шаруашылықтар шатқаяқтап жатқан кезеңде аудан басқару өте ауыр іс еді.

Бұрынғы совхоздар тарап, мамандар мен шаруалардың абырап жатқан кезінде аудан басшысы Алмагүл Божанова аудандағы ірі шаруашылықтарды іргесін сөкпей бұрынғыша қалуына бар күш-жігерін жұмсады. Соның бір мысалы қазіргі кезде өндірісі өркендеген Нағи Илиясов, Шаған ауылдарын ұстағанның қолында кетірмей, тұтас қалпында сақтап қалды.

Бұл жолда батылдық қана емес, батырлық та керек еді. Сондай батырлық әйел заты болса да басы Алмагүлдің бойынан табылды. Төртағандай табандылығы, ерік-жігері, қайсарлығы таразы басына түсіп, нәтижелі істерімен абырой иеленді.

Барлық салаға реформаларды батыл ендіріп, ел басқарған әкім Алмагүл сол кездегі Теренөзек ауданын облыс көлемінде көш бастаушы сапқа шығарып, барлық көрсеткіштерден бірнеше жыл бойы алдыңғы қатардан көрінді.

«Осындай аумалы-төкпелі шақта әйел адамның қырық мың халқы, іргелі шаруашылықтары бар ауданды басқаруы оңай емес еді. Ал, Алмагүл Божанованың қолынан келді. Келгені сол, ауданды аяғынан тұрғызуға бар күш-білігін салып, өзінің қайтпас қайсарлығын көрсете білді» деп өткен кездерді еске алады Жалағаш ауданының құрметті азаматы, қоғам қайраткері Өмірбек Шәменов.

Облыстың құрметті азаматы И.Әбибұллаевтың: «Алмагүл Божанова таби-

еді. Жұмыстан басқа алаңы болған жоқ» дейді қоғам және мемлекет қайраткері, Қызылорда қаласының және бірнеше ауданның құрметті азаматы Н.Мұсабаев.

А.Божанованың аудан басшылығындағы біліктілігін өтпелі кезеңнің қиыншылықтарын біз сияқты сырттан «қызықтап» емес, қайнаған еңбек өтінде жүріп көрген бұл кісілерден асырып айта алмаймыз.

Қазақстанның Еңбек Ері Абзал Ералиев былай дейді:

магүл апайдың шапағаты тимеген жерлеріміз кемде-кем шығар», – дейді Абзал аға.

Асыл тұлғаның азаматтық бейнесі, адами келбеті дегенде дәл осы сөз дәп келеді.

Қоғам және мемлекет қайраткері, саяси ғылымдар докторы Мұрат Бақтырұлы: «Оның сан алуан салаларды, яғни білім, комсомол, партия, әкімшілік, мәслихат, қоғамдық ұйымдарда қалтқысыз қызмет атқарып, ел алғысын арқаулаумен ғұмыр кешкені екі адамның



«Мен осы ауданның тумасымын, мен үшін бұл аудан – ең қымбат жерұйығым. Осы жерде туып-өсіп, мектептен білім алып, жоғары оқу орнын бітірген соң қайтып келіп, қырық жылға жуық еңбек еттім. Ауданның өсіп-өркендеуіне азды-көпті үлес қостым. Қызметке ерте араластым, аудан халқы мені сыйлады, төрге шығарды, алақандарына салып аялады, жас шағымда қызымыз деп еркелетті, абырой-бедел алып берді. Сур бойының, оның ішінде бұрынғы Теренөзек, қазіргі Сырдария ауданының тумасы болғанымды мақтан етемін», – депті Алмагүл апай бір жазбасында.

ғатынан батыл, қайсар тұлға еді. Ол кез келген мәселеде өзіндік ұстанымы бар, әділ әрі шешімді тез қабылдай алатын басшы болды. Оның шешендігі мен ораторлық қабілеті көпшілікке жігер беріп, ел игілігі үшін еңбек етуге шабыттандыратын» деп пікір білдіруі де біздің сөзімізді бекіте түседі.

«Қазақта «оқасы туған қыз бала батыр туған ұлмен тең» деген жақсы бір сөз бар. Теренөзек ауданының әкімі болып тағайындалғанда Сейітбек Шаухамановтың: «Бұл тек Алмагүлге артылып отырған сенім емес, бүкіл қазақ қыздарына артылып отырған сенім» деп айтқан тарихи сөзі жадымызда тұр. Сол сенімді Алмагүл Божанова жауапкершілікпен атқарып шықты. Бар білімін, тәжірибесін Теренөзек ауданының өсіп-өркендеуіне арнады. Ол өзін еңбекке арнаған жан

«...Көтерілген мәселелердің шешімін таппай тынбайтын. Әсіресе ауыл шаруашылығы өндірісінің кем-кетігін түгендеуге барын салды. Қай жерде де сөзі өтімді еді. Кабинет күшіне емес, ғанибет ісіне сенді. Депутат ретінде сайлаушылармен, жұртшылықпен кездескенде мәселелердің мән-жайын ашып, мәнісін табудың жолдарын ұсынатын. Шабыттанып сөйлеп, көпшіліктің намысын оятып, жігерін жанитын».

Мұндай адамды нағыз көшбасшы дер. Ел басына күн туғанда осындай қыздардың қолбасшы болғанын білеміз.

Сонымен бірге: «Қазақта ағаш бір жерде көктейді деген мәтел бар. Бірақ оның жемісінен барша қауым дәм татады. Жұрттың жастық боп жантанып, бастық боп нұсқа көрсеткен Ал-

бірінің басына бұйыра бермейтін бақ болар» деп пікір білдіреді.

Шын мәнінде, біздің өлкеміз тарихында Алмагүл Божанованың бағы – оның өзіне ғана тән бақыт!

Алмагүл апайдың басты қасиеттерінің бірі өте ыждағатты, ықтиятты адам болатын.

Сыр елінің белгілі тұлғалары, қоғамдық-саяси ахуал, жалпы өмір туралы толғанастарын қағаз бетіне түсіріп, бірнеше кітап жазып шығарды. «Ердің бағын жандырған Ер Балдырған», «Сырелім – Жерұйығым», «Сенім жүгі», «Аңыз, абыз адам», «Күдірет пен қасиет», «Көпір», «Сырым мен шыным», «Ғасыр үні» аталатын кітаптары жарық көрді.

Осы еңбектердің бағасын біз қоғам және мемлекет қайраткері, облыстың құрметті азаматы Бекмырза Еламановтың сөзімен келтірейік: «Бұл кітаптар Теренөзектің, жалпы Сыр өңірінің тарихы, энциклопедиясы секілді, зер салып қарасаңыз, сонау кеңестік дәуірде аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы болғанын бастап жарты ғасыр бойғы материалдарды, құнды деректерді жинағандығы аңғарылады. Мұндай мәліметтердің кейбірін қырағаттап отырып мұрағаттардан іздеуге тура келеді. Ал, оны Алмагүл қолға ұстатып тұр».

Нақты, ғылыми бағасы – осы. Мұның бәріне үлгеру өз алдына, оларға ізденіс, ыждағаттылық, туған жер тарихына деген аса үлкен жауаптылық қажет.

Өткен күннің дерегін шашау шығармай жинап, қаттау бір жұмыс, оны көз майын тауысып қағазға түсірудің өз азабы тағы бар. Алмагүл апайдың осының бәрін игеруі – үлкен іс, үлгілі іс.

Осындай көз майын тауысқан жазу ісіндегі еңбеккестігі арқылы ол кісі Қазақстан Журналистер одағы мүшелігіне қабылданды. Білмеген адамдар бұрынғы партия қызметкерлері де одақ мүшелігіне өтіп алыты деп жүрді. Ал, Алмагүл апайдың осы одаққа нағыз лайық жан екенін біз жақсы білеміз. Ол кісі газетке берген көптеген мақалалары өз қолымыздан өтті, мен мынаны істедім, ананы жасадым деген әңгіме емес, тақырыптары ұрпақ тәрбиесінің қамын күйттейтін.

Мұның өз сыры бар. Алмагүл апайдың жас кезінде комсомол ұйымын басқарғанын айттық. Жетпіс жылдан аса өмір сүрген комсомол ұйымы ел тарихында небір ерлік істердің, ел қорғаудағы батырлықтың, «ауыздықпен су ішіп, етігімен су кешкен», «тар жол, тайғақ кешулерден» өткен елі, жері үшін жанын пиде еткен жанкештілердің ұйымы еді.

Отбасынан, онан беріде осы жалынды ұйымнан алған тәлімін Алмагүл

апай кейінгі ұрпақ тәрбиесімен сабақтастыра білді.

Кешегі өтпелі кезеңнің күрделі жағдайын еңсеру кезінде көптеген қиыншылық кезікті. Осы тұста идеологиялық жұмыстың осалдығы жастар арасындағы тәрбие тінін босаңсытып кетті. Батыстық ағымдарға, бейсаналы дін насихатына еліктеген жастар ұлттық құндылықтардан қағажу қалды, мейірімсіздік белең ала бастады. Осы кезде Алмагүл Божанованың жастар тәрбиесіне араласудың қажеттігін сезінді. Сондықтан 2011 жылы облыстық «Ұрпақтан ұрпаққа» қоғамдық бірлестігін құруға бастамашы болды.

Қоғамдық бірлестік облысымыздың тұрғындары мен жастарын жоғарғы азаматтық позицияларға, қоғамдық белсенділікке, шынайы отансүйгіштікке және ұрпақтар сабақтастығын жандандыруға ықпал етті. Облыс аймағында көптеген оқу орындарымен, үкіметтік және үкіметтік емес ұйымдармен, басқа да бірлестіктің жұмыс барысы мен мазмұнына сәйкес келетін мекемелермен қарым-қатынас орнатып, әлеуметтік-экономикалық реформалар мен жастар саясатының іске асырылуы тұрғысында, өлкенің тарихи мұрасын зерттеу ісіне көп пайдалы жұмыстар атқарды.

«Зейнеткерлікке шыққан соң «Ұрпақтан ұрпаққа» қоғамдық бірлестігін құрып, осы істердің басы-қасында болған Алмагүлдің еңбегі ұшан-теңіз. Елге, қоғамға қызмет жасаудың үлгісін көрсетті. Өзі туралы, өзгелер туралы көзбен көргендерімен қатар естіген әңгімелерін ұрпақ санасына сіңіруге барынша күш-қайратын аяған жоқ», – дейді осы қоғамдық бірлестіктің төрағасы болған ардагер ағамыз Сайлаубай Әбішұлы.

Алмагүл апай өзінің бір сұхбатында былай депті:

«Алғашқы ұйымдасқан кезде қоғамдық бірлестікке қатысушыларды тарту жөнінде хабарландырып, басты мақсатымыз жастарды қазақстандық патриотизм рухында ұлтжанды етіп тәрбиелеу, ұлттық құндылықтарды насихаттау екенін жариялағанда бізге бірінші кезекте бұрынғы комсомол ардагерлері келіп жазылды. Біз міндетті түрде бұрынғы комсомол қызметкерлері болсын деп талап қоймасақ та өзінен-өзі солай қалыптасты. Менің ойымша, бұның басты себебі жастар тәрбиесі және оларды белсенді, еңбеккеш, рухты, қайратты, жігерлі, отансүйгіш етіп тәрбиелеуде өткен қоғамдағы комсомол ұйымынан асқан жауынгер ұйымның жоқ екендігінен де болар».

Міне, ол кісінің көрегендігі, өткен мен бүгінгі арасындағы алтын көпір қызметі ел болашағына осылай олжа алып келді.

Алмагүл апай өте сыйлы болды. Ол кісі сөйлей бастағанда ескертусіз тыныштық орнайтын. Біз мұны көп жерде байқағанбыз. Қазақта мысы басым деген бір сөз бар-ды. Бәлкім, мысы басым ба, апаймен жолыққанда жолымыздан ысырылып тұратындардың бірі өзіміз едік.

Апайды әсіресе Теренөзек халқы қатты жақсы көреді. Ал, ол кісінің өзі туған жерін өмір бойы кеудесінің алтын сандығында аялады.

«Мен осы ауданның тумасымын, мен үшін бұл аудан – ең қымбат жерұйығым. Осы жерде туып-өсіп, мектептен білім алып, жоғары оқу орнын бітірген соң қайтып келіп, қырық жылға жуық еңбек еттім. Ауданның өсіп-өркендеуіне азды-көпті үлес қостым. Қызметке ерте араластым, аудан халқы мені сыйлады, төрге шығарды, алақандарына салып аялады, жас шағымда қызымыз деп еркелетті, абырой-бедел алып берді. Сыр бойының, оның ішінде бұрынғы Теренөзек, қазіргі Сырдария ауданының тумасы болғанымды мақтан етемін», – депті Алмагүл апай бір жазбасында.

Алмагүл апайдың ел ішіндегі сый-құрметі жөнінде 2000-шы жылдары Сырдария ауданын басқарған Әріп Қожбанов былай деп жазды:

«Мен осы ауданның басшылығына апайдан кейін бардым. Шын мәнінде ол кісінің бастап кеткен игі істерін жалғастырдым. Тіпті, өзімнің бастама болса да апайдың ісі еді деп айтудан жаңылғаным жоқ. Бұл менің ол кісіге деген ерекше сыйластығым болатын, менің солай деп айтуым, Алекаңді құрмет тұтқан халықтың да ықыласын аударды».

Аудан жұртшылығы арасынан, қызметкерлер ішінен маған ол кісі туралы тек жақсы сөздер жетті. Сондықтан басшылық жасаудағы көптеген ісі үлгі алуға тұрарлық екенін түсіндім.

Алмагүл апайдың жан дүниесін өзі жанып, айналасына жарық шашқан пілтешамға теңесе болады. Ол кісі әрқашан халық қамын ойлайтын, жеке басына келгенде айналып өтіп, сөз парасын тағы да көпшілікке апарып тірейтін».

Иә, «өзі жанып, айналасына жарық шашқан...». Бұл кісінің өмірінің баяны осы теңеудің тура мағынасынан табылады.

Саналы ғұмырын туған еліне адал қызмет жасауға арнаған, елі ардақтаған Алмагүл Божанованың еңбегі де лайықты бағаланды.

«Парасат», «Құрмет» ордендерінің иегері, Қызылорда облысының және Сырдария ауданының құрметті азаматы атақтарына лайық болды.

Ал, оның ең басты марапаты – халық ықыласы, елдің сағына іздеп жатқан ерекше пейілі.

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ,  
«Сыр бойы»



/// МЕРЕЙ

Тілеуберген Шегенбаев Жаңақорған ауданындағы №194 Сунақата орта мектебін 1969 жылы аяқтасымен, Алматы мемлекеттік медицина институтының педиатрия факультетіне оқуға түсіп, оны 1975 жылы балалар хирургі мамандығы бойынша бітіріп шыққан. Содан Қызылорда облыстық ауруханасында бір жыл интернатурадан өтті, 1976 жылы арнайы жолдамамен қала іргесіндегі Сырдария аудандық ауруханасына жіберілді.



# АДАМҒА ҚУАНЫШ СЫЙЛАҒАН

## Сындалу мен шыңдалу

Сол кезеңдегі Сырдария аудандық денсаулық сақтау бөлімінің бас дәрігері Нұрылда Сүлейменов жылы шыр аймен қарсы алды, қаламына сәттілік тілеп, балалар бөлімшесіне балалар хирургі етіп қабылдайды. Ең қызығы, жас маманды келген бетте Сарысу өңіріндегі Сырдария ауданы мал-шығарынның слеті өтуіне байланысты бірден ісапарға жіберді. Ол кезде біздің облыстың шопандары қызға ерте көктемде көктеуге шығып, шөбі шүйгін ай-маққа жайлауға қоныс тебетін. Кеңес тұсында шопандарға ай сайын әр саладан мамандар жинақтан, арнайы бригада құрып, өз қызметтерін көрсетіп отыратын. Аудандық шопандар слетінің өтуіне байланысты бригада құрамына еніп, осылай алғашқы еңбек жолын бастады.

Шопандар тойында ат бәйгесі, түрлі спорттық ойындар ұйымдастырылатыны белгілі. Жұрттың делебесі қозып, айқайға ба-

сып жатқан тұста шауып келе жатқан аттың бірі сүрініп кетіп, үстіндегі бала мұрттай ұшып түсті. Құлаған баланы ортадан зорға алып шықты. Бәйгенің аты – бәйге, аттар зулап ағып барды. Осы кезде әлгі баланың жанына жас маман, хирург-дәрігер Тілеуберген Дүйсенұлы жөмекісін ұстай жетті. Баланың жанапшырлары жиналып қоршап алды. Дегені қараша үйге көтеріп кіргізіп, ауырғанды басытын укол салып, тексеріп көре бастады. Қол-аяғы шыққан, сыңғаннан аман екеніне көзі жетті.

Уқалай отырып орнына түсіріп, бинттің арасына жыңғылдың қатты шыбығын салып орап, баланы жайлы төсекке жатқызды. Сол кезде бала жаны жай тауып дәрігерге жымия қарап: «Ағай, аяғым ешқандай ауырып тұрған жоқ, атқа шапсам бола ма?» деп, орнынан тұрмақшы болды.

Ертеніне той түске дейін спорттық ойындармен жалғасып, жүлделерлер марапатталды. Топ құрамындағы бригада мүшелері қайтуға асығып жинала

бастады. Бәрі де ауылға жетуге асыққандай. Сарысудың ақ тақырынан шыға берген тұста, сауын сиырды көлік қағып ішін ақтарып тастапты. Малдың жанында егесі тұр екен. Бұларды тоқтатып көмесі сұралы. Жас маман Тілеуберген малдың егесі екеуі ішек-қарын ішіне ұқыптан жинастырып салып, сомакедегі құралдармен бір сағаттың ішінде тігіп бітірді. Екі сағаттан аса уақыт жағдайына қарап, барлығы жабылып орнынан тұрғызып жіберді. Сыыр тенеңсе басып, жүріп кетті. Оны көрген көпшілік шексіз қуанып, Тілеубергенге алғыс білдіріп жатты, көпке дейін жыр ғып айтып жүрді.

Тілеуберген ағаны іздеп барып танысып, жарты ғасырдан бері ағалы-інідей болып сыйласып кетті. Жылы жүзді, сабырлы, сырбаз, ұстамды мінезін айнығаным көрмеймін. Өз мамандығын сүйіп, тыңғылықты атқарған азаматтың тындырмалы ісі аудан бас-

шылығының құлағына да жетсе керек. Сол кездегі Сырдария аудандық атқару кеңесі төрағасының құрылыс жөніндегі орынбасары Қирабай Жәрмбетов Тілеубергенді шақырып алып, балалар арасында аурудың төмендегеніне ризалығын білдіріп, кезектен тыс үй берілетінін жеткізеді. Міне, еңбектің еленуі деген осы болар. Алдында ғана үйіне келген Дүйсен екісінің «Балам, қызметіңді адал атқар, еңбек етсең ерінбе, түбінде содан жұлдызың жанады» деп айтқан өсиет сөзі есіне түсіп, іштей ол кісіні әулие санаған-ды.

## Жоқтан бар жасауды үйрендім

1989 жылы Сырдария аудандық денсаулық сақтау бөлімінің бас дәрігері болып Рая Көзенова келісімен өзіне емдеу ісі жөніндегі орынбасары етіп Тілеуберген Шегенбаевты тағайындады. Жана

басы оның іскерлігін, біліктілігін, ұйымдастыру қабілетінің жоғары екенін сырттай жақсы білген. Содан 1991 жылы Сырдария ауданының басшысы Нәлхожа Ерғешбаев Тілеуберген Шегенбаевтың көп жылғы еңбегін ескере отырып, оны аудандық денсаулық сақтау бөліміне басып етіп тағайындады. Ол Ақтөбе рентген зауытынан 4 көшпелі автотөлікке орнатылған рентген техникасын аудан басшысының қолдауымен алдырды. Бұл техника ауданда атымен жоқ еді. 1991 жылғы тоқырауға кез келген кәсіпорындар мен өндірістік мекемелердің қыры кетіп, шаруалары біртіндеп шалқайған шақта ауруханаларды ұстап тұру оңай болмағаны анық. Дәрі-дәрмек тапшылығы, жылу, ауысу, жарық проблемасы жағдан ала түскен шақ Тілеуберген ағамыз ол жылдарды былай еске алды:

– 1991 жылы аурухананың жылу жүйесін бұдан суға көшірдім. Сөне беретін жарығын жолға қойдым. Тамақпен қамтамасыз етудің көзін таптым. Осы жылдар жоқтан бар жасауды үйретті. Міне, осындай тынымсыз еңбектің арқасында аурухананы аяғынан жайлап тұрғыза бастадым. Аудан орталығынан жана аурухана салмақ болып қазығын қаққан тұста, 1997 жылы Сырдария ауданы таратылып үшке бөлініп кете барды, – деп сөзін байыппен аяқтады.

## Санаторийдің қабырғасын қалаған

1997 жылы қалаға қараған аудан орталығындағы аурухана №2 қалалық ауруханаға айналып, оның бас дәрігері болып Тілеуберген ағамыз қызметін атқара берді.

1999 жылы қаражат тапшылығына байланысты №4 емханаға айналды. Сол жылы облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшылығы шақырып, Шалқия кентіндегі ересектерге арналған облыстық туберкулезге қарсы санаторийдің бас дәрігері қызметіне тағайындалды. Ізі жоқ мекемені құру жүгін мойнына артып Тәкенді Шалқия кентіне жіберді. Келген бойда бос тұрған лагер ғимаратын таңдап, соны күрделі жөндеуден өткізіп, 85 орныдық санаторийдің қабырғасын қалады. Айналасын қоршап аба-тандырды қолға алды. Ем алушылардың алғашқы легін қабылдап бастады. Бір жыл ішінде жұмысты жолға қойды. Жылдар өте келе бес қабатты жаңа ғимарат салдырып, емделушілер санын жылына 500-550-ге дейін арттырды. Міне, Шегенбаевтың жоқтан бар жасап, денсаулық саласына қосқан үлесі. Оны 15 жылдан астам басқарып, 2014 жылы зор абыроймен зейнетке шықты. Еңбегі елеусіз қалған жоқ. КСРО және ҚР «Денсаулық сақтау ісін үздігі» медалінің иегері. Ұл-қыздарының бәрі жоғары білімді, үйлі-баранды. Бүгінде шаңырағын шаттыққа кенелткен немерелердің қадірменді атасы. Әлі қатардан қалмаған. Тасбөгеттегі №4 қалалық емхана басшылығының өтініші бойынша балалар хирургі болып қызмет атқарып келеді. Адам өміріне қуаныш сыйлаған Тілеуберген Шегенбаев бүгінде 75 жасқа келіп отыр. Біз сала ардагеріне зор денсаулық тілейміз!

**Кенжалы ЕРІМБЕТОВ,**  
**Қазақстанның Құрметті журналисі**

ЖОБА

## 2026-2027 оқу жылына техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 2-бабы 2-тармағының 8-3) тармақшасына сәйкес Қызылорда облысының әкімі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Бекіткісі;
- Осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес 2026-2027 оқу жылына техникалық және кәсіптік білім бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы;
- Осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес 2026-2027 оқу жылына орта білімнен кейінгі білім бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы;
- Осы қаулының орындауын бақылау Қызылорда облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін;
- Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі

**М.Ерғешбаев**

Қызылорда облысы әкімдігінің қаулысына № \_\_\_\_\_ 2026 жылғы « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ 1 - қосымша

2026-2027 оқу жылына техникалық және кәсіптік білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы

№	Мамандық (біліктілік) атауы	Мамандық (біліктілік) коды	Мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемі, орындар саны (күндізгі оқу нысаны)		Бір мамандық жұмыс атқарушының орташа құны (мың теңге)
			9-сынып базасында	11-сынып базасында	
1	2	3	4	5	6
01120100 - Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту					
1	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиешісі	4S01120102	25		547,1
2	01130300 - Жеке сүйемелдеуді ұйымдастыру (ленгвейнер бойынша)	4S01130301		25	547,1
3	01140100 - Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі	4S01140101	25		547,1
4	01140200 - Музыкалық білім беру	4S01140201	25		547,1
5	01140500 - Дене тәрбиесі және спорт	4S01140501	25		547,1
5	Дене тәрбиесі мұғалімі	4S01140501	25		547,1
	Спорт жаттықтырушысы - оқытушы	4S01140503		20	547,1
6	01140600 - Негізгі орта білім берудегі тіл мен әдебиетті оқытудың педагогикасы мен әдістемесі	4S01140601	25		547,1
	Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі	4S01140601	25		547,1
	Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі	4S01140602	25		547,1
	Шетел тілі мұғалімі	4S01140605	25		547,1
7	01140700 - Информатика	4S01140701	50		547,1
8	02110300 - Графикалық және мультимедиялық дизайн	4S02110304	30		556,3
9	02120200 - Киім дизайны	4S02120203	25		606,9
	02150100 - Аспаптық орындау (аспап түрлері бойынша)	4S02150101	5		1519,4
10	02150100 - Концертмейстер, балалар музыка мектебінің оқытушысы	4S02150102	8	2	1519,4
	Оркестр әртісі (дирижер) балалар музыка мектебінің оқытушысы	4S02150103	34	2	1519,4
	Халық аспаптар оркестрінің әртісі (дирижер), балалар музыка мектебінің оқытушысы	4S02150302	5		1519,4
12	02150400 - Хорды дирижерлау	4S02150401	10		1519,4
	Хорөнершісі (дирижер) балалар музыка мектебінің оқытушысы	4S02150704	10	2	1519,4
14	02151000 - Халықтық көркем шығармашылығы (түрлері бойынша)	4S02151001	25		606,9
15	04130200 - Логистика (салалар бойынша)	4S04130202	25		556,3
16	04140100 - Маркетинг (салалар бойынша)	4S04140101	25	20	556,3
17	05320100 - Геологиялық суретке түсіру, пайдалы қазба кен орындарын іздеу мен барлау (түрлері бойынша)	4S05320103	25		606,9
	05320200 - Пайдалы қазба кен орындарын іздеу мен барлаудың технологиясы мен техникасы	3W05320202	25		606,9
18	06120100 - Есептеу техникасы және ақпараттық желілер (түрлері бойынша)	4S06120101	25		556,3
	Компьютерлік аппараттық қамтамасыз ету операторы	4S06120102	25		556,3
19	06120200 - Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері	3W06120201	25		556,3
20	06130100 - Бағдарламалық қамтамасыздандыруды қорғау операторы	4S06120202	25		556,3
	Web-дизайнер	3W06130102	50		556,3
21	06130100 - Бағдарламалық қамтамасыздандыруды қорғаушы	4S06130103	50		556,3
	Ақпараттық жүйелерінің техникалық қамтамасыз етушісі	4S06130105	50		556,3
22	07110400 - Зертханалық технология	3W07110402	25		606,9
	07130100 - Электр жабдықтары (түрлері және салалары бойынша)	3W07130101	50		606,9
23	Электр жабдықтары жөндеу жөніндегі электр слесарі (түрлері және салалары бойынша)	3W07130102	25		606,9
	Техник-электрик	4S07130103	25		606,9

24	07130200 - Электрмен қамтамасыз ету (салалар бойынша)	3W07130201	25		606,9
	Электр монтаждаушы (салалар бойынша)	4S07130202	25		606,9
25	07130300 - Жылу электр станцияларының жылу энергетикалық қондырғылары	4S07130303	25		606,9
	07130400 - Жылу техникалық жабдықтар және жылу мен жабдықтау жүйелері (түрлері бойынша)	4S07130403	25		606,9
26	Техник-жылу техникі	4S07130403	25		606,9
27	07130700 - Электромеханикалық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану (түрлері және салалары бойынша)	4S07130704	25		606,9
	Техник-электромеханик	4S07140301	25		556,3
28	07140300 - Мехатроника (салалар бойынша)	3W07140301	25		556,3
	Мехатрондық жүйелерді монтаждаушы-реттеушісі	4S07140402	25		556,3
29	07140400 - Робототехника және кірістірілетін жүйелер (салалар бойынша)	4S07140403	25		556,3
	Робототехникалық жүйелер мені кешендерін монтаждаушы-реттеушісі	4S07140403	25		556,3
	Мобильді робототехника техникі	3W07140501	25		556,3
	07140500 - Сандық техника (түрлері бойынша)	3W07140502	25		556,3
30	Сандық техниканы монтаждаушы-жөндеуші	4S07140502	25		556,3
	Электронды және сандық техникаларға қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі механик	4S07140504	50		556,3
	Техник-электронщик	3W07140702	20		606,9
31	07140700 - Автоматика, телемеханика және темір жол көлігіндегі қозғалысты басқару	4S07140703	40		606,9
	Сигнал беру, орталықтарды және бұғаттау құрылғыларына қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі электромонтер	3W07140901	50		556,3
	07140900 - Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар	4S07140901	50		556,3
	Телекоммуникациялық жабдықтар мен байланыс арналарын электромонтаждаушы-реттеушісі	4S07140902	25		556,3
	Телекоммуникациялық байланыс жүйелерінің техникі	4S07140903	25		556,3
	07150300 - Токарлық іс (түрлері бойынша)	3W07150301	50		556,3
	Токар	3W07150501	50	60	556,3
34	07150500 - Электрғазымен дәнекерлеуші	4S07150502	50		556,3
	Техник-механик	4S07150502	50		556,3
	07151100 - Машиналар мен жабдықтарды пайдалану және техникалық қызмет көрсету (өнеркәсіп салалары бойынша)	3W07151101	20		556,3
35	Жабдықты баптаушы	4S07160101	25		556,3
	07160100 - Радиоэлектронды қолқ жабдықтарын пайдалану және техникалық қызмет көрсету (қолқ түрлері бойынша)	4S07160101	25		556,3
36	Радиоэлектронды жабдықтарды пайдалану және жөндеу жөніндегі техник	4S07160501	25	15	722,1
	07160500 - Темір жолдың тартқыш жылжымалы құрамын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету	3W07160501	25	15	722,1
37	Локомотив машинистің көмекшісі (түрлері бойынша)	4S07160602	25		722,1
	07160600 - Темір жолдың вагондар мен рефрижераторлы жылжымалы құрамын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету	3W07161301	79		722,1
38	Поезд электромеханигі	3W07161302	85	20	722,1
39	07161300 - Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану	3W07161303	50		722,1
	Автомобиль жөндеу слесарі	4S07161304	50		722,1
	07161600 - Ауыл шаруашылығын механикалаңдыру	3W07161603	50		722,1
40	Ауыл шаруашылығы өндірісінің практикші-машинисті	4S07161604	25		722,1
	Техник-механик	3W07210203	25		606,9
	07210200 - Сүт және сүт өнімдерін өндіру	3W07210303	20		606,9
43	07210300 - Нан пісіру, макарон және кондитер өндірісі	3W07210901	20		606,9
44	07210900 - Балық өндірісі	3W07210901	20		606,9
45	07220100 - Құрылыс бұйымдары мен конструкцияларын өндіру	4S07220105	50		606,9
	Техник-технолог	3W07221405	50	20	606,9
46	07221400 - Жибаз өндірісі	3W07230101	25	25	606,9
	07230100 - Тігін өндірісі және киімдерді үгілтеу	3W07230102	25	25	606,9
	Тігінші	3W07230104	25		606,9
	Арнайы тігінші	4S07230106	25		606,9
	Киім конструкторы	4S07230107	25		606,9
	Модельер-конструктор	4S07240301	25		606,9
47	07240300 - Найдалы қазбалар кен орындарын ашық қазу	3W07240301	25		606,9
	Экскаватор машинисті	3W07240702	20		606,9
49	07240700 - Мұнай және газ ұңғым				



Сыр елінің тыныштық күзетіне қырық жыл өмірін сарп еткен ер, қара терін үгіп, халық қамын күйттеген азамат, милиция мойоры, «Қоғамдық тәртіпті қорғаудағы үздік шыққаны үшін» медалінің иегері Досмайыл Ысқақов – туған жер тарихында сақталып қалған есімдердің бірі.

## ЕЛ ЖҮГІН ЕҢКЕЙМЕЙ КӨТЕРГЕН ЕР

Досмайыл Ысқақов 1929 жылы Сырдария ауданында дүниеге келген.

Осы кезеңде жарық дүниеге келгендердің балалық шағы болған жоқ. Бір дорба алтынға бір ұзім нан таба алмаған байларды ажал құштырған ашаршылықты қалай сипаттай аламыз. «Алтын-күміс тас екен, арпа-бидай ас екен» деген сол заманның мақалын мысал етсек те біраз сыр ақтарылады.

Осындай қылауыз жылдардың күәсі болған Досмайыл қазақи тәлім сіңірген кісі болатын. Әкесі тірлік кешкен дәуірдің адамдары өтірік айтудың өзін күн санады. Олар ауырдың астымен, жеңілдің үстімен өмір сүрсе де адами қасиеттен аттамаған абзалдар еді. Ысқақ ата соғысқа аттанып, отты жорықтардан аман шыққан адам. Сан қиындықты қайыспай көтерген ол баласы Досмайылға өмірмен жүрсудің жолы қара күшпен ғана өлшенбейтінін, бұл жолға еңбек пен ақылдың бағдар болатынын ұқтыра білді. Тәрбиенің тұнығынан сусындатты.

Сондықтан Досмайыл милиция қызметінде тек әділдікті көрді, әлсізге сүйеу, қонсызға қорғаныш болды. Әр күні қауіп-қатерге толы қызметте өз міндетін абыройлы атқарды. Оның қызмет бабынан бір-екі оқиғаны ойға алсақ, соның өзі бұл адамның болмыс тәрбиесін дәл, анына адал азаматтығын да, тұлғалық биіктігін де танытады.

Досмайыл Ысқақов ішкі істер қызметіндегі еңбек жолын қылмыстық топпен күрес жөніндегі оперативті іздестіру жұмыстарының инспекторы болып бастаған.

Соғыстан кейінгі жылдарда ел тұрмысы тым ауыр, халық жұдеу болатын. «Қазаннан қақпақ кетсе...» дегендей, бұзақылықтар көп еді. Өйткені, тәртіп сақшыларында арнайы құрал-жабдықтар, байланыс құрылғылары жоқ, техника тапшы. Олар қылмыскерлермен бетпе-бет келетін, күн-түні көз шырымын алмай күрес үстінде жүретін.

Бір жылы шолақ мылтықпен қаруланған қылмыскерлер топ құрып, қала тұрғындарының құтын қапырады. Тонайды, ұрлайды, тіпті кісі өлімі де тіркеледі. Егер милиция қызметінде Досмайыл секілді жүректі жігіттер болмаса олар еркінсіп, елдің берекесін кетіре берер еді. Бірақ қылмыстылар артына «айбалы мықты, аты тың» күштің түскенін біліп із жасырады. Олардың ісін қылмыстық топпен күрес жөніндегі оперативті іздестіру жұмыстарының инспекторы Досмайыл Ысқақов қолға алған еді.

Жаудың туын жыққан жауынгердің баласы тері тартқан қарсақтай қорқаудан қорқа ма, адастырып кеткісі келгендердің ізіне түсіп, оларды Өзбекстанның Самарқан қаласынан табады. Дым көрмедім, дым білмедім деп ала шапан киіп, құжаттарын қолдан жасатқан олар енді бізге бәле жоқ деп ойлаған шығар, бірақ бұлтартпайтын, жалтартпайтын милицияның әрекетіне олардың амал-айласы да қалмаған еді.

Тергеуші Досмайыл Ысқақовтың қылмыстық іздестіру саласында еңбек еткен жылдары қаншама қылмыстың беті ашылып, жүгенсіздер тиісті жаза-сын тартты. Егер біз ішкі істер қызметінің мұрағатына кірсек, мұндай мысалдың жүзін жазып берер едік.

Қызылордада ол кезде ішкі істер органдарының тәжірибелі мамандары аз болатын. Бұл қызметтегі кісіге ең бірінші – бағылдық, табандылық, турашылдық, адалдық сияқты асыл мінездер

қажет-ақ. Мұндай адами құндылықтар Досмайылдың бойына бала кезден, әке қасиеті, ана өсиетімен берілген. Осыған сай ол қылмыстық топпен күресу тәсілін өмірдің өзінен үйренді, осылайша тәжірибе қалыптасты. Сондықтан да соңына шәкірт ертті, қылмысты іздестіру саласында жаңа толқынның пайда болуына өз ықпалын тигізді.

Ішкі істер саласында ауысу-түйістің жиі болатыны заңды. Себебі, білікті қызметкердің тәжірибесі қай жерге де керек. Осыған орай бұл кісі өзін прокуратурада, заңдылықты қалағалау жүйесінде де жақсы қырынан көрсетті.

Әділетсіздікке, нақаққиянатқа төзбейтін Досмайылдың табиғатына тән кәсібі оның шын мәніндегі азаматтық тұлғасын айқындады.

Паспорттық жүйенің кеңестік кезеңде қатаң бақылау құралына айналғаны белгілі. Сондықтан басшылар Ысқақовты сонау жетпісінші жылдары паспорт столы аталатын құрылым жұмысына жайдан-жай қойған жоқ. Бұл жүйеде қылмыс та, шытырман оқиғалар да орын алатын. Сондықтан бұл жерге тәртіп пен заңның үстемдігі ғана емес, үгіт пен насихаттың да ролі керек.

Жалпы, білікті маман Досмайыл Ысқақов «адам заң үшін тұрмайды, заң адам үшін жазылады» деген қағиданы да сезіне білетін сергек ойлы жан еді.

Мына бір оқиға осы сөзімізге дәлел.

Соғыстың аласапыран жылдарында көптеген отбасылар, бауырлар бір-бірінен қол үзіп, тағдыр тәрізінше түсті. Сарсаң сағыныш қуанышқа ұластып, анасы баласымен, жұбайы жарымын қауышқан оқиғалар да болды. Мұндай жайт паспорт столына белгілі болса да, оларды табыстыру міндетін алмайды. Бірақ, туа бітті қамқор, кеңпейіл, жанашырлық сезіміне серт сияқты қарайтын Досмайыл бұл істе де ізеттілігінен жазбады.

Анасынан қол үзіп қалған бір әйел Досмайыл Ысқақовқа Ресейдің сол кездегі Горький қаласынан мынадай хат жолдады: «Сіз сияқты азаматтың болғаны қандай керемет! Біздің өмірге деген құштарлығымыз арта түсті. Аса ризашылығымызды білдіреміз. Тікелей міндетіңіз болмаса да, соншалықты азаматтық танытып, біздің отбасы мүшелерінің табысуына қолғабыс тигізгеніңіз үшін шын жүректен алғысымызды білдіреміз».

Бұл – туу, Ресейдегі бейтаныс адамның сөзі, атын айтқанмен қайсымыз танымыз. Бүгінде Досмайыл әкенің баласы Бақытбектің жеке мұрағатында мұндай алғыс хаттың бірнешеуі бар екен.

Ескі газет беттерінде Досмайыл Ысқақов жайында ішкі істер саласының ардагері, марқұм Мылтықбай Пейісов: «Кіршіксіз адал азамат еді, жарықтық. Қиын, күрмеуі күрделі қылмыстарды зерделеуге келгенде нағыз маман, оның іздерін суытпай ашағын. Барлығынан да адалдығын, өзгелерге үлгі тұтуға лайық отбасындағы тағалымды, ізгілікті істерін айтсаңшы» деп пікір қалдырыпты.

Сондай-ақ кезінде қалалық ішкі істер бөлімінің басшысы болып қызмет еткен полковник Айтбай Қазыбековтің: «Облыстағы милиция қызметінде өз ісіне берілген ары таза екі адам болса, соның біреуі – Досмайыл Ысқақов», – деген сөзі ол кісінің ел алдындағы абыройы мен адалдығына берілген үлкен баға.

Қатар жүріп, қызметтес бол-

ғандардан артық білмейміз, әрине. Алайда, Досмайыл әкенің Мылтықбай аға айтқандай, отбасындағы тағалымы бізге де таныс. Мұның мысалын отбасының кенже ұлы Қуанышбектің болмысынан да таба аламыз.

Қуанышбек 1985 жылы мектеп бітіріп, жоғары оқуға түскісі келеді. Әкесі сонда: «Балам, алдымен қара жұмыс істеп, нанның еңбекпен келетінін білгенің абзал» депті. Содан, баласы жиһаз фабрикасында жұмыс істейді. Сосын әскерге шақырылады. Әскери борышын өтеп жүргенде Ауған соғысына аттанатын болады.

1979 жылы КСРО-ның Ауғанстандағы ішкі саяси тектестеріне араласуынан туған қанды қақтығыстарда қаншама боздақтар опат болды. Он жылға созылған бұл соғыстың біздің елімізге де өте ауыр шығын алып келгенін білеміз. Сонда Грозный қаласында оқу-жаттығуда жүрген Қуанышбектің артынан әкесі барады. Өзі ішкі істер органдарында қызмет еткен, әскерилерге де бір ауыз сөзі өтетін адам. Баламды соғыстан қалдыр десе де болар еді. Бірақ Досмайыл әке олай демеді. «Балам, атаң да соғысқа барып аман қайтқан. Соғысқа барғаның біріншісі және соңы сен емессің», – деп батасын берген.

Сымдай тартылған солдаттың кеудесіне бұл сөз қуат болып құйылды, ақ батасы қорған болды. Сөйтіп, Ауғандағы сұрапыл соғыстан аман қайтқан Қуанышбек жоғары оқу бітіріп, мемлекеттік қызметке сатылап өсті. Облыс басшылығының орынтағында да отырды. Бұл аралықтағы оқиғалар – басқа әңгіменің сарыны.

Бүгінде ортамызда жүрген бейбіт күннің батыры маған Досмайыл әке осындай болған шығар деген ой салады. Жүзі жылы, жанары өткір Қуанышбектің өн-бойынан өрілген өнеге, әмісе әдеп байқалып тұрады.

Бұл шаңырақтың үлкені бүгінде Қызылорда медициналық колледжінде ағылшын тілі пәнінің оқытушысы болып еңбек етеді. Білім саласында шәкірт тәрбиелеп, сапалы білім беруге үлес қосып жүрген білікті ұстаз. Оның жолдасы Салхадин Мырзабеков көп жыл аудандық, қалалық және облыстық деңгейде мемлекеттік қызметтер атқарған азамат.

Үйдің екінші қызы Ұрқия Астана қаласындағы ҚазҰУ-де шет тілі оқытушысы болып еңбек етті. Жұбайы Алматы Азаматтық авиация комитетінің төрағасы, «Бойнг» ұшағының командирі қызметтерін атқарды. Бүгінде екеуі де зейнетте.

Одан кейінгі ұл Бақытбек ұзақ жыл бойы өрттен қорғау және азаматтық қорғаныс саласында қызмет етіп, кейін облыстық Қорғаныс істері жөніндегі департамент басшысының орынбасары болып, зейнетке шықты. Зайыбы Гүлмира тәжірибелі заңгер, сот жүйесінде судья болып қызмет атқарған білікті маман.

Үшінші қыз Галия облыстық денсаулық сақтау саласында тәжірибелі маман болып, көп жыл халық саулығы жолында абыроймен еңбек етіп келеді.

«Қарты бар үйдің қазынасы бар» деген, жасы тоқсанға таянған Ортай апамыз қарашаның қызы киесі болып, баушарбағының ортасында отыр. Келін, «Батыр ана» Әлияның қолынан быламық жеп, шөберелерінің алақанынан май жапаған әзіз әже ауялы азаматы Досмайыл әкенің жәдігерлерін жарқыратып, гүмбір қазынасына қосты.

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ,  
«Сыр бойы»

### ОҚЫРМАН ОЛЖАСЫ

## БІР ӨЛКЕНІҢ БАЯНЫ

Сырдария ауданындағы «Руханият орталығында» «Тарихы терең, келешегі кемел Сырдария» атты кітаптың тұсаукесер рәсімі өтті. Оған облыстық тарихи-өлкетану музейінің директоры Нұрмат Мансұр, өлкетанушы, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Жұмабай Байзақұлы, «Қызылорда ньюс» ақпараттық агенттігінің бас редакторы Айжан Абдуллаева, Мәдениет саласының үздігі Асхат Сайлау және ауданның зиялы қауым өкілдері мен тұрғындар қатысты.

Жиында Сыр өңірінің шежірелі мекенінің бірі Сырдария ауданының тарихы мен бүгінгі тыныс-тіршілігін кеңінен қамтыған жаңа кітаптың маңыздылығы жан-жақты айтылды. Аталған еңбек – ауданның сан ғасырлық шежіресін, ел бірлігі мен ынтымағын, ұлтқа қызмет еткен тұлғалардың өнегелі өмір жолын, туған жердің табиғаты мен мәдени мұрасын кейінгі ұрпақ жадында жаңғыртатын құнды туынды.

– Мұнда Сырдарияның өткені ғылыми негізде зерделеніп, тарихи деректер мен ел аузындағы құнды мәліметтер жүйеленіп берілген.

Сырдария – тамырын тереңге жайған, тарихы бай, руханияты кемел өңір, елге

танылған батырлар мен билер, ақын-жазушылар мен мәдениет қайраткерлері шыққан жер. Осындай еңбектің жарық көруі – аудан тарихына деген құрметтің, келер ұрпақ алдындағы жауапкершіліктің айқын көрінісі. Тарихын таныған елдің болашағы баянды болмақ.

Кітапты әзірлеген өлкетанушылар мен зерттеушілерге, сондай-ақ осы игі іске қолдау білдірген азаматтарға ризашылығымызды білдіреміз, – деді аудан әкімі Берік Сәрменбаев.

Кеш барысында ғалымдар сөз сөйлеп, жаңа кітаптың тарихи-танымдық маңызына тоқталды. Олар аталған еңбектің ел тарихын түгендеуге, ұлттық құндылықтарды дә-



ріптеуге және жас ұрпақтың туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыруға қосар үлесі зор екенін атап өтті.

Рухани кешке жиналған көпшілік жаңа туындыға бағасын беріп, тұсаукесер рәсіміне куә болды.

«СБ» ақпарат

### ЖӘДІГЕР

Ортағасырлық Шығыс өркениеті адамзат тарихында саулет, ғылым және қолөнер салаларының ерекше дамыған кезеңі ретінде белгілі. Сол дәуірден жеткен жәдігердің бірі – тостаған тәрізді сегіз бұрышты шырағдан (мангал үлгісіндегі жарық құралы). Бұл тұрмыстық қажеттілікті өтеп қана қоймаған, өз заманындағы эстетикалық талғам мен технологиялық жетістіктердің айқын көрінісі.

## КӨНЕ ШЫРАҒДАННЫҢ СЫРЫ НЕДЕ?



Ежелгі шығыс стиліндегі сегіз бұрышты тостаған тәрізді жәдігер қабырғалары тақталашы жез металдан жасалған. Табаны мыстан, әр қабырғаның ішкі жақ тұсынан табанын қайыра отырып түйінде бекітілген, бұл оның беріктігін қамтамасыз еткен. Мұндай тәсіл ортағасырлық металл өңдеу шеберлерінің тәжірибесі мен шеберлігінің жоғары деңгейде болғанын көрсетеді.

Бұйымның сыртқы келбеті ерекше көркемделген. Ортағасырлық қала, қамал бекіністеріне ұқсас жез тақтайшалардың жоғары және төменгі бөлігінде қошқармүйіз оюы тізбектеліп орналасқан. Шырағдан сегіз тақтайшадан құралған. Әр тақтайшаның қосылған тұсында мұнара тәрізді бағаналы бөлігі орналасқан. Бұл элементтердің болуы шырағданның композициялық құрылымын күрделендіріп, оған сәулелік сипат береді.

Шырағдан табанының ортаңғы бөлігіндегі қазанға тәрізді ойық оның функционалдық қызметін айқындай түскендей. Бұл ойыққа май жиналып, яғни оттың ұзақ жануын қамтамасыз етсе керек. Осы майдың үстіне арнайы пілте (мақта немесе кендір жіп) бір ұшы қосылады да, екінші ұшы қабырға тақталашының жоғарғы бөлігіндегі қошқармүйіз оюы тәрізді кетікке арасына қойылады. Егер аз ғана жарық керек болса, тек 1-2 пілте жағылған. Ал салтанатты іс-шаралар кезінде бір уақытта 8-ден 20-ға дейін пілте тұтандырылып, үлкен залды толық жарықтандырған. Пілтелер жанып таусылған сайын оларды сәл алға жылжытып отыратын арнайы қысқыштар (біз секілді құралдар) қолданылған. Ішіндегі май лаулап жанабайды, тек пілте ұшы ғана кішкентай жұлдышалар секілді жылы сарғыш түспен жанады. Металл бетіндегі оюлар мен нақыштар оттың сәулесімен шағылысып, қабырғаларға әдемі көленке түсіріп, белмеде ерекше атмосфера орнатады. Бұл өз заманының нағыз «ақылды» жарықтандыру жүйесі болған десек қателеспейміз. Пілте майды өзіне тартып, жоғары көтереді, осылайша жанады. Оған малдың, өсімдік майы пайдаланылған.

Төртінші және сегізінші қабырға тақталашында тұтқа орны бар, алайда қос тұтқа сақталмаған. Бұл тұтқалар арқылы шырағданлы тасымалдаған не аспалы шырағдан ретінде жоғарыдан салбырата ілген деген болжамымыз бар. Төбеле ілулі тұрған шамның жарығы бөлмеге біркелкі тарайды және астындағы адамдарға келергі жасамайды.

Қабырға тақталашының беттерінде шығыс стиліндегі ою ойылып бастырылған. Бұл өрнектер көбіне өсімдік тектес және геометриялық сипатта болып келеді. Мұндай нақыштар ислам өнеріне тән ерекшелік ретінде мейіттерде, медреселерде және басқа да саулет ескерткіштерінде кеңінен қолданылған.

Өздеріңізге белгілі, орта ғасырда қала орталықтарында саулет өнері дамып, архитектуралық ескерткіштер, мейіттер, медреселер, кітапханалар салынып, шы-

ғыс ойшылдары өз еңбектерін жазу барысында шырағдан пайдаланған. Бұл шырағданның жасалу ерекшелігіне қарап отырып, кейбір деректерде сегіз бұрышты жез, қола шырағданнар базар орындарынан табылған делінген.

Жасалуына, материалына, орналасу ерекшеліктеріне қарай қыштан, түрлі металдардан, тұғырлы, аспалы түрлері болған. Археологиялық қазба барысында табылған, музей қоры мен экспозициясында тұрған шырағдан түрлері дәлел бола аларлық. Тарихы ерте дәуірлерден бастау алады, түрлі кезеңдерді сипаттайтын шырағданнар бай тарихымыздан, өнегелі өткенімізден хабар береді.

Бастапқыда жарықтандыру құралы ретінде қолданылғанына күмән жоқ, бұған ежелгі ошақтардың қалдықтары дәлел бола алады, олар жылыту, жарықтандыру ғана емес, сонымен қатар ас дайындау бұйымы ретінде де қызмет етуі мүмкін.

Ежелгі шығыс өркениетінен мәлімет беретін бұйымдардың бірі – мангал. «Мангал» сөзі араб тілінде аударғанда («manqal») – «тасымалданатын», «көшірілетін» деген мағынаны білдіреді. Мангалдың пештен айырмашылығы – оны бөлменің кез келген жеріне қоюға болатындығы. Мангалда арнайы металл таяқшаларға көкөністерді орнатып, отқа қақтаған болу да мүмкін. Бұл жорамалды да жокқа шығаруға болмайды. Орта ғасырларда мангал тек жылыну немесе жеңіл ас дайындау үшін ғана емес, сонымен қатар маңызды құжаттарды келтіру үшін де пайдаланылған. Шығыс миниатюраларында және Осман империясының алғашқы кезеңдеріндегі деректерде хатшылардың қасында шағын мангалдардың тұрғаны сипатталады. Олар жаңа жазылған жарлықтар мен пермендерді сиясы жайылмас үшін жылы ауа ағынымен келтіріп отырған.

Мангалдың бетіне арнайы металл тақтайша қойып, оның қызуына құжат келтірген деген жорамал бар. Құжаттардың заңдылығын растау үшін қолданылатын балауыз мөрлер де мангалды қажет етті. Мөр басу үшін балауызды мангалдың үстінде ерітіп, содан кейін ғана құжатқа тамызған. Егер құжат ылғал тартып кетсе, мөр оған дұрыс жабыспайтындықтан, алдымен қағазды немесе пергаментті мангалдың қызуымен «өңдеп», ылғалдан арылған. Мангалды құжат келтіруге пайдалану – бұл жай ғана тұрмыстық

әдіс емес, сол заманның іс-қағаздарын жүргізу технологиясының ажырамас бөлігі.

Ортағасырлық шығыс үйлерінде (әсіресе Иран, Түркия, Орталық Азия) мангал-шырағданның орны ерекше болды. Шеберлер мангал-шырағданарды бірнеше стильде жасаған.

Мәселен, зооморфтық стиль, Таяу Шығыс пен Орталық Азияда (VIII-XII ғғ.) мангалдар көбінесе арыстанның, өгіздің немесе аңызға айналған жануарлардың бейнесінде жасалды. Олардың аузынан немесе денесіндегі ойықтардан жалын мен жарық шығып тұратын.

Архитектуралық стиль, яғни кейбір мангалдар кішігірім сарайлар немесе мейіттердің күмбезіне ұқсас етіп жасалды. Бұл олардың эстетикалық маңыздылығын арттырады. Біздің қолымыздағы мангал архитектуралық стильде жасалған.

Адам қолына отты алып, өзін жылытып, тамақтандырып қана қоймай, өз үңгірінің қараңғы қоймаларын алғаш рет жарықтандырды. Жарықтандыру құрылғылары ретінде арнайы пішіндегі сазды күйдірілген ыдыстарды пайдалану біздің ғрамызға дейінгі III мыңжылдықтың соңында басталды.

Ал жез шырағданлардың пайда болуы оларды ұзақ уақыт пайдалануға жағдай жасады. Құралдар біртіндеп жетілдіріліп, адамдардың тұрмыс-тіршілігінде маңызды орын ала бастады. Бұл көне жез шырағдан қазақ жеріне тарихи Ұлы Жібек жолы немесе кейінгі сауда байланыстары арқылы келген құнды жәдігер болуы мүмкін.

Музей қорындағы жез шырағдан Азат Әкімбектің коллекциясынан қабылданып, тарихтан сыр шертіп айналымға енуде.

Сегіз қырлы Шығыс шырағданы – ортағасырлық қолөнердің көрнекті үлгісі. Оның құрылымы, көркемдік бекздірілуі және функционалдық ерекшеліктері сол дәуірдің мәдениеті мен технологиясының жоғары деңгейін көрсетеді. Мұндай жәдігерлер – тарихи мұра ретінде ғана емес, өткен өркениеттің рухани және материалдық құндылықтарын танытатын маңызды дерек көзі.

Л.ЖАЛҒАСБАЙҚЫЗЫ,  
облыстық тарихи өлкетану музейінің ғылыми қызметкері

